

Сезіктілер мен айыпталушыларды айдаң алыш жүрудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 маусымдағы № 387 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 маусымда тіркелді. Тіркеу № 1879. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 1122 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2016 № 1122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды құзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған сезіктілер мен айыпталушыларды айдаң алыш жүрудің тәртібі бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармалары, облыстардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармаларының көліктегі Ішкі істер бас басқармасының айдаң алыш жүру тәртібінің орындалуын қамтамасыз ететін қызметкерлерден сынақтар қабылдау арқылы жеке құрамның осы бұйрықпен бекітілген Тәртіпті оқып-үйренуін ұйымдастырысын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А.Власовқа, Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігінің Сезіктілер мен тергеу қамауындағыларды алдын ала оқшаулау департаментіне (М.М.Баймұхамбетов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Келісілді:

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

3-дәрежелі мемлекеттік

әділет кеңесшісі

2002 ж. 6 мамыр

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникация
министрінің міндеттін атқарушы
2002 ж. 26 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

СЕЗІКТІЛЕР МЕН АЙЫПТАЛУШЫЛАРДЫ АЙДАУЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Жалпы ережелер

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) жаяу және әр түрлі көліктерде айдауылдау тәртібін реттейді, алға қойылған тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететін тәсілдерді анықтайды.

2. Сезіктілерді және айыпталушыларды айдауылдау жөніндегі міндеттерді орындау мақсатында ішкі істер органдарының құрамында, сондай-ақ тікелей Ішкі істер министрлігінде, Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармаларында, облыстық Ішкі істер басқармалары - Ішкі істер бас басқармаларында, көліктегі Ішкі істер бас басқармаларында полицияның айдауылдау бөлімшелері (бөлімшелер, взводтар, роталар, батальондар, полктар) құрылады.

Олардың міндеттері:

1) Сезіктілерді және айыпталушыларды уақытша ұстau изоляторларынан; тергеу изоляторларына медициналық мекемелерге амбулаторлық қуәландыру және тексеру үшін, санөткізгіштерге (жалпы пайдалану моншаларына) ішкі істер органдарынан ауданараптық немесе қала аралық уақытша ұстau изоляторларына айдауылдау;

2) Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, стационарлық емдеу кезінде құзету;

3) Уақытша ұстau изоляторларынан сезіктілер мен айыпталушыларды облыстық, қалалық, аудандық соттардың көшпелі мәжілісіне айдауылдау, сот мәжілісі кезінде оларды құзету;

4) Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстau изоляторынан айдауылдың жоспарлы бағыттарының алмастыру пункттеріне айдауылдау.

3. Айдауылдау бөлімшелерінің типтік штаттық саны құрылымы, оларды құру мақсаттарын, бағыныстылық сатысын және дислокация орындарын анықтайдын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау ішкі істер органдарының қамауда ұстau орындарының әкімшілігі әзірлейтін белгілі бағыттар бойынша (

негізгі, қосалқы) жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда жедел қызметтермен бірлесе әзіrlenеді.

Қызмет көрсетілетін объектілер қолайлы жағдайда орналасса және көлік жүретін жолдар болған кезде уақытша ұстau изоляторлары, тергеу изоляторлары, сottар мен алмастыру пункттері аралығында шенберлі айдауылдау үйимдастырылады.

Шенберлі айдауылдау күштердің, көлік құралдарының ұтымды пайдаланылуына және кесте бойынша ең қысқа қозғалыс бағыттарын белгілеу және арнайы автомобилдер камераларын қаастырылған нормаларға дейінгі толтыру есебінен рейстер санын қысқартуды қаастырады.

Айдауылдаудың осындай қозғалыс кестесі жоспарланған темір жол, автожолдардың бағытында айдауылдаудың ішкі әскер қарауылының қозғалыс кестесіне сәйкес әзіrlenеді.

5. Ішкі істер министрлігі, Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармалары, облыстық Ішкі істер басқармасы - Ішкі істер бас басқармасы және көліктегі Ішкі істер бас басқармасы жоспарлы бағыттарды әзірлеуге қатысады және ішкі әскер бөлімшелерінің штабтарымен Ішкі істер министрлігінің арнайы тасымалдау бөлімдерімен (бөлімшелерімен) бірігіп, темір жолдағы жоспарлы қарауыл рейстерінің санын, айырбастау пункттерін (станцияларды, пристандарды, әуежайларды, ішкі істер органдарының орналасу пункттерін), сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау (өткізу) үшін осы пункттерге айдауылдаушыларды жіберуге міндettі полиция айдауылдау бөлімшелерін (ішкі істер органдарының) анықтайды.

6. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау арнайы автомобилдерде жүзеге асырылады. Арнайы көлік болмаған кезде, таяу қашықтыққа ішкі істер орган бастығы рұқсатымен қызметтік жеңіл немесе ашық, жабық жүк автомобилдерінде жүзеге асырылады.

7. Ұшақтарда (тік ұшақтарда) сезіктілер мен айыпталушылар Ішкі істер басқармасы, Ішкі істер бас басқармасы бастықтарының рұқсатымен, жедел жағдайда немесе басқа көліктер болмаған кезде, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің әуе көлігі кәсіпорындарына бұл туралы хабар беріле отырып, айдауылданады.

8. Сезіктілер мен айыпталушыларды теңіз және өзен кемелерінде, поездардың жолаушылар вагондарында тасымалдау осы жолдарда айдауылдаудың жоспарлы бағыттары болмаған кезде немесе өзге тәсілмен белгіленген орынға айдауылданушыларды жеткізуге мүмкіндік болмағанда және тек Ішкі істер бас басқармасы, қалалық, облыстық Ішкі істер басқармасы, көліктегі Ішкі істер бас басқармасы бастықтарының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды қала маңы поездарында, қала аралық және қалалық автобустарда, троллейбустарда және трамвайларда айдауылдауға қатаң тыйым салынады.

9. Сезіктілер мен айыпталушыларды жаяу айдауылдау мынадай кездерде:

1) теміржол станцияларында, пристандарда, әуежайларда-арнаулы автомобилдерден (айырбастау пункттерінің үй-жайларынан) егер олардың арасында көлік жолдары болмаса вагондарға, кемелерге, ұшақтарға (тік ұшақтарға) дейін;

2) арнаулы автомобилдерден соттар ғимараттарындағы сотталушыларды ұстауға арналған камераларға немесе көшпелі сот сессияларындағы осы үшін бөлінген үй-жайларға, тергеу изоляторларының режимді аймағына, тергеу әрекеттерін жүргізу орындарына, емдеу мекемелеріне, санөткізгіштерге (жалпы пайдаланылатын моншаларға) дейін;

Уақытша ұстау изоляторынан қашқандарды ұсталған немесе айдауылданған жерден егер де көлікті пайдалану мүмкін болмаса, оларды өткізуудің жақын мандағы пунктіне дейін жүргізіледі.

Жаяу алып журу тәртібімен сезіктілер мен айыпталушыларды жолаушылар қалаларда және басқа да елді мекендерде платформалары (пристандар) бойынша жолаушыларды поездарға (кемелерге) отырғызу және түсіру кезінде, вокзал үй-жайлары және басқа да азаматтар жиналатын орындар арқылы айдауылдауға тыйым салынады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды елді мекендер арасында жаяу алып журу тәртібімен және ат көлікпен айдауылдауға тек қана басқа көлік түрінің қозғалысы болмағанда жол беріледі.

10. Айдауылдау бастығы (аға айдауыл) журу жолдарында айдауылды қүшету қажет болғанда немесе кері айдауылдау үшін сезіктілер мен айыпталушылардың едәуір санын қабылдаған жағдайда, жақын мандағы ішкі істер органына өтініш жасайды, оның бастығы өз иелігінде бар күштермен және құралдармен айдауылды қүшетуге тиісті шаралар қолдануға міндettі. Айдауылдау бастығы (жетекшісі) өтініш жасаған орган бастығы қосымша айдауылдаушыларды бөлу мүмкін болмағанда, айдауылданушылардың бір бөлігін өзіне бағынышты уақытша ұстау изоляторында қалдырады.

11. Айдауылданушылардың жүріп-тұруының қауіпсіздігін және сенімді қүзетілуін қамтамасыз ету жұмысында тиімділікті арттыру мақсатында арнаулы автомобилдер радиостанциялармен, жарқылдағыш маяктармен және кабина мен кузов арасындағы сөйлесу құрылғыларымен жабдықталады. Айдауылдау кезінде сонымен қатар жиналатын металл дәліздер пайдаланылады (сезіктілер мен айыпталушыларды соттардың көшпелі сессияларында отырғызу-түсіру немесе айыпталушыларды сот мәжілісі залдарында құзету кезінде).

12. Айдауылдау қозғалысын үздіксіз бақылауды ішкі істер органының кезекшісі белгіленген радио арналары және желілі (телеграфты, телефонды) байланыстар бойынша жүзеге асырады.

2. Айдауылды тағайындау, қамтамасыз ету, қаруландыру және оның міндеттері

13. Айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер органының бастығы) айдауылды тағайындау кезінде: нақты тапсырмаларды, оларды орындау тәсілі мен мерзімдерін, айдауылдың полицияның айдауыл бөлімшелерімен (ішкі істер органдары) байланыс тәртібін және жүру жолдарында басқа да ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылды, айдауылдардың ерекше міндеттерін белгілеуге міндетті. Осы орайда бағытты кесте анықталады, айдауылға тиісті құжаттарды, көлікті, жанар-жағар май материалдарды, қажетті күзет құралдарын, байланыстар мен белгі беру құралдарын, қаруландыруды және жабдықтауды, жүру жолындағы айдауыл мен айдауылданушыларға, сондай-ақ қызметтік иттерге арналған жолдық азық-түлікті әзірлеуге жол беріледі; айдауылды нұсқамадан өткізу және олардың қызмет жасауын бақылау ұйымдастырылады.

14. Айдауылға сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдаудан басқа міндеттер жүктеуге тыйым салынады.

Барлық айдауыл құрамы белгіленген киім үлгісінде және қаруланған болуы тиіс. Айдауылдаушыларды қаруландыру түрін берілген тапсырманың орындалу түріне және тәртібіне, шартына байланысты айдауылды тағайындаған айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер органының бастығы) белгілейді.

Қаруды алып жүру тәртібін айдауылдау бастығы (аға айдауыл) бекітеді. Автоматты "арқаға салып" ұстауға тыйым салынады.

Камераларды, арнаулы автомобилдерді, көліктерді және айдауылданушыларды ұстайтын немесе оларды орналастыру жүргізілетін үй-жайларды тексеру кезінде қарулар айдауыл бастығына (жетекшісіне) өткізіледі.

Айдауылды басқа ішкі істер органдарына немесе полиция басқа айдауыл бөлімшесіне уақытша орналастырған кезде, қару мен оқ-дәрілер осы органның (бөлімшениң) кезекшісіне берілуі тиіс.

15. Қажет болғанда жылдың сүйк мезгілінде айдауыл құрамы жабдықтау нормаларымен қарастырылған жылы киіммен қамтамасыз етіледі. Әрбір айдауыл өзімен бірге полицейлік типтегі ысқырық, жеке тану пакетін, ал айдауыл бастығы (жетекшісі) сонымен қатар-құжаттарға арналған сөмке, айдауылданушылардың

саны бойынша кісендерді алып жүруі тиіс. Сезіктілер мен айыпталушыларды теміржол көлігімен айдауылдау кезінде айдауыл вагондардың арнаулы кілттерімен қамтамасыз етіледі.

Айдауылдау шарттарымен және тәртібімен байланысты айдауылдарға сондай-ақ алып жүретін қабылдағыш-жеткізгіш радиостанциялар, электромегафондар, электрофонарлар, топографиялық карталар, компастар, жалаулар, жарық шашқыш патрондары бар белгі бергіш тапаншалар және полиция айдауылдау бөлімшесіндегі (ішкі істер органы) басқа да техникалық құралдар берілуі мүмкін.

16. Айдауылды (айдауылданушыларды) іссапарлық құжаттармен және барап жерге бару жол ақысына (тұрғын үй, азық ақылары, тұрғын үй жалдау және тәуліктік ақы) ақшалай аванспен қамтамасыз ету қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

17. Полиция айдауыл бөлімшесінің кезекшісі (ішкі істер органы) айдауылды жедел басқаруды қамтамасыз етеді және олардың қылмыс жасауда сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау жөніндегі тапсырмаларды орындауы үшін жауапкершілікте болады.

Ол:

1) айдауылдың қызметті өткеруін бөлімше командирінің шешіміне (орган бастығының) қатаң түрде сәйкес ұйымдастыруға;

2) айдауылдаудың бағыттарындағы және айдауылданушылар уақытша ұсталынатын объектілердегі жедел жағдайды ұдайы біліп отыруға;

3) оларды күзету жағдайының өзгеруін қадағалауға, осы мақсатта айдауылдармен байланыста болуға;

4) оларды қауырт жағдай туындаған жерлерде күшетуге шұғыл шаралар қолдануға, бұл жөнінде бөлімше командиріне (ішкі істер органының бастығына) баяндауға;

5) бөлімшениң жеке құрамын және техникалық құралдарын пайдалану жөнінде, соттар мен айдауылданушылар уақытша ұсталынатын басқа объектілердің орналасуы туралы мәліметтерді білуге;

6) нарядтарды уақытында дайындауды нұсқамадан өткізуіді және айдауылдау бағыттарына жібереді, көліктің, байланыстың және басқа да техникалық құралдардың дұрыс пайдаланылуын және ұздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

7) арнаулы автомобилдердің шығуы мен қайта келуін бақылап отыруға, жүргізуілер құрамын тексеруге;

8) нарядтардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

9) қарулардың, оқ-дәрілердің және басқа мүліктің сақталуын, сондай-ақ полиция айдауыл бөлімшесінде (ішкі істер органында) ішкі тәртіп ережелерінің

орындалуын қамтамасыз етуге, қызмет ету аяқталған соң нарядтардың қаруларды, оқ-дәрілерді және басқа да оларға берілген арнаулы және техникалық құралдарды өз уақытында және толық тапсыруын қадағалауға міндettі.

18. Айдауыл бастығы (жетекшісі) сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау бойынша берілген тапсырмалардың дәл және өз уақытында орындалуын және бағыныштылардың заңдылықты сақтауы, қызметтік құжаттың, айдауылданушылардың жеке істерінің, қару-жарақтың, арнаулы, техникалық және басқа да айдауыл пайдаланатын материалдық құралдардың сақталуы үшін жауапкершілікте болады.

Ол:

1) айдауылдау бағытындағы жағдайды және оның ерекшеліктерін, айдауылданушылар туралы негізгі мәліметтерді білуге;

2) тапсырмалардың орындауға айдауылды дайындауға, айдауылдар арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін орнатуға; қажетті құжаттарды (1-қосымша), ақшалай аванс, азық-түліктер, қару-жарақ, айдауылға берілетін арнаулы техникалық құралдарды және басқа да материалдық заттарды алуға, олардың дұрыс пайдаланылуын ұйымдастыруға;

3) жол журналын (2-қосымша) және азық-түлік дәптерін жүргізуге (3-қосымша);

4) барап жерге айдауылданушыларды өз уақытында жеткізу бойынша айдауылдың іс-әрекетін білікті және сауатты басқаруға, соттарда және тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде оларды күзетуді қамтамасыз етуге, түнейтін орындарда, аялдайтын орындарда, теміржол станцияларында, пристандарда, өуежайларда оларды қадағалауды қүшетуге шаралар қабылдауға;

5) оқиға бола қалған жағдайда айдауылдың іс-әрекет тәсілдерін белгілеуге; айдауылдаудың негізгі бағытындағы жағдай асқынғанда, қосалқы бағытқа ауысуға; қашу кезінде қашып кеткендерді дереу қудалау мен ұстауды ұйымдастыруға;

6) айдауылданушылардың және айдауыл құрамының санитарлық және гигиеналық тәртіпті сақтауын бақылауға; жол бойында бір тәуліктен астам уақыт болған жағдайда, айдауылдарға кезекпен демалыс беруге, осы орайда айдауылданушыларды күзетусіз қалдырмауға;

7) полиция айдауыл бөлімшесіне (ішкі істер органдына) қайтып келген соң жұмысалынған ақша қараждаттары үшін есеп беруге міндettі.

19. Айдауылдың бастығына (жетекшісіне):

1) сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау тәртібін өзгертуге;

2) жағдай қажет етпегендеге, айдауылды уақытша қалдыруға тыйым салынады.

20. Айдауыл бастығының көмекшісі айдауыл бастығына бағынады және айдауылданушыларды

күзету мәселелері бойынша оның барлық нұсқауларын орындаиды.

Ол:

- 1) пайдаланылатын материалдық-техникалық құралдардың жағдайын бақылауға;
- 2) айдауылданушыларды жеке тінтуді жүргізуге; осы орайда табылған ақшалардың, бағалы заттардың, нәрселер мен бұйымдардың сақталуын қамтамсыз етуге;
- 3) айдауылдардың барлық құрамына тиесілі азық-түлік үлестерін беруге;
- 4) айдауыл бастығы ауырып қалған жағдайда, оның барлық міндеттерін өзіне қабылдап алуға міндетті.

21. Айдауыл айдауыл бастығына (аға айдауылға) және оның көмекшісіне бағынады.

Ол:

- 1) өз міндетін мықты білуге және оларды дәл орындауға;
- 2) айдауыл бастығы (аға айдауыл) белгілеген жерде болуға және оның рұқсатынсыз кетіп қалмауға;
- 3) қаруын ақаусыз және іс-әрекетке ұдайы әзір ұстауға;
- 4) айдауылданушылармен сөйлесу барысында талапты және сыпайы болуға және оларды ұдайы қадағалауды жүргізуғе;
- 5) айдауыл бастығының (жетекшісінің) нұсқауы бойынша айдауылданушыларды тінтуді жүргізуге, олардан сақтауға тыйым салынған нәрселер мен заттарды алып қоюға және айдауыл бастығына (айдауыл жетекшісіне) беруге;
- 6) аялдау орындарында, түнеу орындарында және басқа да айдауылданушыларды уақытша ұстау объектілерінде бекетшінің міндеттерін орындауға міндетті.

22. Айдауылға:

- 1) қызметін өткеру кезінде басқа жайларға аландауға;
- 2) айдауылданушылармен сөйлесуге, тек айдауылдау кезінде тәртіпті сақтау және қозғалыс тәртібі туралы нұсқау беру қажет болған жағдайлардан басқа кездерде;
- 3) олардан немесе оларға бөтен адамдардан қандайда бір заттарды, хаттарды, азық-түлік өнімдерін қабылдауға және беруге;
- 4) айдалу қозғалысының бағытын және оның соңғы пунктін жариялауға тыйым салынады.

23. Арнаулы автомобильдің полицей-жүргізушісі айдауыл құрамына кіреді, айдауыл бастығына (жетекшісіне), оның көмекшісіне бағынады және автомобильді апатсыз пайдалану үшін жауапкершілікте болады.

Ол:

- 1) айдауылдаудың бағытын және оның ерекшеліктерін жақсы білуге;
- 2) автомобильдің пайдалануға дайындығын ұдайы қамтамасыз етуге, жол қозгалысы Ережесін қатаң қадағалауға;
- 3) бағыт бойындағы қозгалыс жылдамдығы туралы айдауыл бастығының (жетекшісінің) нұсқауларын дәл орындауға, оның әмірі бойынша немесе мұндай белгіні кузовтағы айдауылдардан алған кезде дереу автомобильді тоқтатуға;
- 4) кабинадан түскен кезде оталдыруды өшіруге, оталдыру құлпының кілтін өзінде сақтауға; тоқтап тұру кезінде, айдауылданушыларды отырғызу (түсіру) кезінде арнаулы автомобильдің моторлы бөлігінің алдында отыруға және олардың іс-қимылын мұқият қадағалауға;
- 5) белгіленген құжаттарды өзімен бірге алып жүргізу (автомобильді жүргізу құқығына қуәлік, жол жүру немесе бағыт парағы, ал қажет болғанда-арнаулы автомобильге тіркеу құжаттары) міндетті.

24. Арнаулы автомобильдің жүргізушісіне:

- 1) өзінің атына бекітілген автомобильді қараусыз қалдыруға;
- 2) автомобильді жүргізуді басқа адамға беруге тыйым салынады.

25. Айдауыл бастығы (жетекші) айдауылданушылар қашқан жағдайда өзіне бағынышты адамдардан міндеттері дереу қашқындарды ізіне тұсу және оларды ұстау болып табылатын арнайы топ тағайындейді. Ізге тұсу тобына бөлінген айдауылдарға қашқындардың қозгалыс бағыты және жасырынуы әбден мүмкін орындары мен ұстаудың әдістерін білу туралы нұсқа берілуі керек.

26. Айдауылдаудың құрамына енген адамдар тәртіптік жазаларға сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау жөніндегі тапсырмаларды орындағаннан кейін ғана тартылуы мүмкін.

Егер істеген қылышының сипаты бойынша айдауылды бұдан әрі қызмет откеруге жіберу мүмкін болмаса, айдауыл бастығы (жетекші) оны міндеттерін орындаудан босатады, қаруын алады, жақын маңдағы органның бастығына жазбаша рапортпен баяндайды. Бұл жағдайда Ішкі істер органының бастығы айдауылды тұрақты қызмет орнына жібереді, содан кейін айдауыл құрамын толықтырады.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау үшін негіздер

27. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-әрекетін жүргізу немесе істі сотта қарау үшін айдауылдау тергеушілердің, анықтау істерін жүргіzetін адамдардың, соттар мен уақытша ұстау изоляторы, тергеу изоляторы бастықтарының жазбаша тапсырысы негізінде жүргізіледі.

28. Тергеушілердің, анықтау жұмыстарын жүргіzetін адамдардың және соттардың тапсырыстарында:

- 1) сезікті және айыпталушының тегі, аты-жөні, туған жылды, айы, күні, қандай қылмысты жасауда сезікті екені немесе айыпталатыны);
- 2) сезікті немесе айыпталушының қамауда отырған орны (уақытша ұстau изоляторының, тергеу изоляторларының атауы);
- 3) істі сотта қарау немесе тергеу іс әрекетін жүргізу орны;
- 4) айыпталушыны жеткізу мерзімі (датасы, сағаты), сот мәжілісінің немесе тергеу іс-әрекетінің жүргізу ұзақтығы (шамамен);
- 5) сезіктілерді немесе айыпталушыларды оларды айдауылдаудың барлық уақыттарында ұстau (оқшаулау) режимі бойынша талаптар көрсетіледі.

Егер де сот, прокурор, тергеуші немесе анықтау органдың бұрынырақ шығарған қаулының негізінде, қуә ретінде басқа іс бойынша өтетін уақытша ұстau изоляторында немесе тергеу изоляторында ұсталынып отырған адам бір уақытта шақырылса, бұл жөнінде де өтініште көрсетіледі.

Тергеуші, анықтаушы, сот қол қойған айдауылдауға берілген тапсырыстар елтаңбалы мөрмен бекітіледі. Анықтау жүргізген адамдар қол қойған тапсырыстарды тиісті анықтау органдарының бастықтары бекітуі тиіс.

29. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауға берілген тергеушінің, анықтау жүргізетін адамның немесе соттың тапсырысы, оларды ұстau орнына (уақытша ұстau изоляторына, тергеу изоляторына), тергеу іс-әрекеті немесе сот мәжілісін жүргізу басталғанға дейін үш тәулік бұрын қолға тиетіндей есеппен, бірақ айдауылдаудың жоспарлы бағыты бойынша кезекті қарауылды жіберуге дейін бір тәуліктен кешіктірілмей жолданады.

30. Уақытша ұстau изляторы немесе тергеу изоляторының бастығы бір, екі тәулік ішінде бөлімше командиріне (ішкі істер органдары бастығына) айдауыл бөлу туралы өтініш (4-қосымша) жолдайды.

1) егер сот мәжілісіне (тергеу әрекеттерін жүргізу үшін) бір уақытта қуәгер ретінде бұрын сотталған немесе қамауда болған адамдар шақырылса, онда бұл туралы 4 бағанға "сотталған" деген белгі қойылады.

2) егер сот мәжілісіне (тергеу әрекеттерін жүргізу үшін) басқа іс бойынша қамауда отырған адам жіберілсе, тергеу изоляторының әкімшілігі, уақытша ұстau изляторы немесе ішкі істер органдарының бастығы сот мәжілісінде төрағалық етуші айдауыл бастығына жазбаша анықтама беруі керек (тергеу әрекеттерін жүргізген адамға);

3) сұраныстың сақталу мерзімі - бір жыл.

Отініш сондай-ақ айдауыл бастығына (жетекшісіне) оның сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау үшін уақытша ұстau изоляторына, тергеу изоляторына келген кезінде тапсырылуы мүмкін.

31. Ерекше жағдайларда және қарау мерзімі бірталай қысқарған істер бойынша айдауылдау тапсырысы уақытша ұстau изляторы немесе тергеу

изоляторы бастығы, сонымен қатар бөлімше командири (орган бастығы) бір тәуліктен кем емес уақытта алатындағы есеппен жіберіледі, бірақ міндетті түрде айдауылдау бағытының қарауыл қозғалысының кестесі ескерілуі тиіс.

32. Егер сот, прокуратура, тергеу немесе анықтау ғимараттары, тергеу изоляторының және уақытша ұстаса изоляторының үй-жайлары, айдауылмен қамтамасыз ететін полиция бөлімшелері (ішкі істер органы) әр түрлі елді мекендерде орналасса, арасында жоспарлы бағыт бойынша қарауыл қозғалысы белгіленбесе, сезіктілер мен айыпталушыларды жеткізу тапсырысы, уақытша ұстаса изоляторының, тергеу изоляторының бастықтарына, сонымен қатар айдауыл бөлімшесінің командиріне (орган бастығына) жолданады. Осы орайда сезіктілер мен айыпталушыларды талап етілген баар пунктке жеткізу үшін жұмсалатын уақытты есепке алу керек, бірақ айдауылдың жолға шығуна дейін бір тәулік уақыттан кешіктірмей орындалуы тиіс.

33. Уақытша ұстаса изоляторы, тергеу изоляторының бастықтарының атына жолданған өтініштер сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылға беруге, ал бөлімше командирінің (ішкі істер органы бастығының) атына жолданған өтініштер айдауыл бөлуге негіздеме болып табылады.

34. Полицияның айдауыл бөлімшесі болмаған жағдайда, егер уақытша ұстаса изоляторында сезіктілер мен айыпталушыларды беру туралы шешімді орган бастығы қабылдаса, ол сонымен бірге осы мақсатқа айдауыл бөледі. Мұндай уақытша ұстаса изоляторынан анықтау жүргізген адамдардың және ішкі істер органы тергеушілерінің өтініші бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау осы органның айдауылдары арқылы іске асырылады.

35. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауға тапсырыстардан басқа:

1) тиісті прокурор санкциялаған қаулы немесе айдауылдау туралы соттың қаулысы;

2) прокурордың, тергеушінің, анықтау жүргізген адамның қаулысы немесе соттың жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы қаулысы (мысалы, соттық-психиатриялық сараптама);

3) Уақытша ұстаса изоляторында айыпталушыларды ұстаса мерзімі өткенде, прокурордың бекітілген қаулысы немесе соттың қамауда ұстаса туралы қаулысының бар болуы, сонымен қатар бас бостандығынан айыру жөніндегі үкім (тергеу изоляторына айдауылданады);

4) сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдаудың жоспарлы бағытындағы емдеу мекемелеріне, жалпы пайдаланудағы (моншаларға), санёткізгіш орындарына немесе алмастыру пункттеріне жіберу туралы Уақытша ұстаса изоляторы бастығының бұйрығы.

36. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау үшін құрамында айдауыл тобының бастығы (жетекшісі) және айдауылдар бар айдауыл тобы тағайындалады.

Айдап алғып жүру қауіпсіздігінің үш деңгейі белгіленеді: кәдімгі, қүшейтілген, ерекше:

1) қарапайым айдауыл құрамы бірден-екіге дейінгі айдауылданушыларға - екі айдауыл; үштен-алтыға дейінгі айдауылданушыларға - үш айдауыл; жетіден-онға дейінгі айдаулданушыларға - жеті айдауыл есебінде тағайындалады. Егер де айдауыл құрамында бес және одан да көп айдауыл бар болса, айдауыл бастығының көмекшісі тағайындалады;

2) қүшейтілген айдауыл, қандай да бір айдауылданушының қашуға әрекет жасағалы жүргені, құзетке шабуыл жасауы, өзіне және жан-жағындағыларға зиян тигізу ниеті бар еkenі туралы мәліметтер қолда бар болғанда, айдауылдау бағытының өте ұзақ болуына, ұшақта (тік ұшақта) айдауылдау үшін күрделі географиялық және климаттық жағдайлармен байланысты тағайындалуы мүмкін. Қүшейтілген айдауыл саны бір айдауылданушыға - үш айдауыл; екі-төрт айдауылданушыға - алты айдауыл; бес-алты айдауылданушыға - сегіз айдауыл; жеті-сегіз айдауылданушыға - он айдауыл; тоғыз-он айдауылданушыға - он екі айдауыл есебімен тағайындалады. Қүшейтілген айдауыл бастығы болып орташа басшылық құрамның қызметкері тағайындалады.

3) ерекше айдауыл:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасы бойынша қылмысы үшін айрықша жазалау шарасы - өлім жазасы немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру анықталып қылмыстық жауапкершілікке тартылған;

олардың әрекеттерін сот аса қауіпті қылмыстық рецидив деп таныған;

ауыр, аса ауыр қылмыс жасаған қашуға, айдауылдар мен қамауда ұстau орындарының персоналына шабуыл жасауға бейім;

улken қоғамдық резонанс тудырған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау кезінде.

Айдауылдау бағыты жедел қызметтермен бірлесе әзірленеді және облыстардағы және көліктегі ПББ-ПБ-нің басшыларымен келісіледі.

Айдауыл бір айдауылданушыға кемінде 4 айдауыл есебінен тағайындалады (уақытша ұстau изоляторынан тергеу изоляторларына, тергеу амалдарын жүргізуге, медициналық мекемелерге, сотқа, айырбастау пункттеріне және олардан кері қарай басқа сезіктілер мен айыпталушылар тобымен қосып айдауылдау рұқсат етілмейді).

Ерекше айдауыл бастығы (аға айдауыл) офицерлік құрам қатарынан полиция қызметкерін тағайындейды. Айдауыл құрамы міндettі түрде бронежилетпен

жарақтанады; атыс қаруымен қаруланады; өзімен бірге арнайы құралдары: газды қару, кісендер, резина таяқтар, сондай-ақ байланыс құралдары (радиостанция); белгі беру тапаншасы, металліздегіш болуы тиіс. Айдауылдау қызметтік иттерді пайдалану арқылы жүргізіледі.

Айдауылданушының еркін жүріп-тұруына шек қою үшін: кәдімгі айдауылдау кезінде "Нежность-1", "Нежность-2" кісендері; күшетілген айдауылдау кезінде "Нежность-2", "Букет" кісендері пайдаланылады; ерекше айдауылдау кезінде айдауылданушының қозғалысын шектеу қажет болғанда "Букет", "Прикол" типтес шынжыр кісендер, қолдарды қозғалту мен аяқ басып жүруді шектеу үшін аяқ-қолға салынатын аралас біріктірілген шынжыр кісендер мен білесіктер пайдаланылуы мүмкін.

Айдауылданушыларды күзету сенімділігін арттыру мақсатында, айдауыл құрамына қызметтік итімен полиция қызметкері қосылуы мүмкін.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерістер мен толықтыру енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 162 бұйрығымен .

4. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау үшін қабылдау тәртібі

37. Тергеу изоляторының немесе уақытша ұстасу изоляторының бастығы сезіктілер мен айыпталушыларды аттандыру күні қарсанында олардың әр біріне қажетті құжаттар дайындайды.

38. Тапсырмаларды орындауга бұйрық алған айдауыл, сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау пунктіне барады. Ол жерде айдауыл бастығы (жетекшісі):

- 1) Уақытша ұстасу изоляторының кезекшісіне сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және өткізу құқығына берілген ұйғарымды көрсетуге (5-қосымша);
- 2) дайындалған құжаттарды алуға және олардың дұрыс ресімделуін тексеруге ; сезіктілер мен айыпталушыларды арнайы автомобильдердің камералары бойынша орналастыру тәртібін белгілеуге; күшетілген қадағалауды талап ететін сезіктілер мен айыпталушылар туралы айдауылдарды хабардар етуге;

- 3) сезіктілер мен айыпталушыларды оларды айдауылдау үшін қабылдау кезінде жеке тінту мен күзету үшін айдауыл құрамының есебін белгілеп, орналастыруға тінтуді жүргізуге және айдауылданушыларды арнаулы автомобильдердің камераларына орналастыру үшін бөлінген айдауылдардың қаруын уақытша қабылдауға;

4) сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау жүргізілетін үй-жайды қарауға, және қашуға немесе шабуыл жасауға пайдаланылуы мүмкін құралдарды алып растауға міндettі.

Сезіктілердің құжаттары және айыпталушылардың жеке істері жабық пакеттермен айдауыл бастығына (жетекшісіне) тапсырылады. Оларға осы адамның жеке ісі бойынша анықтамаларымен бірге суреті желімденеді (бұкосымша).

Егер айдауылдауға жатқызылған сезікті немесе айыпталушы қашуға немесе айдауылға шабуыл жасауға бейім болса, ауыр, ерекше ауыр қылмысы үшін немесе айрықша жазалау шарасы-өлім жазасына кесілген сотталған болса, жеке ісі бойынша анықтамасында "ҚБ" жазба белгісі болуы керек (қашуға бейім).

Айдауылдануға жіберілген сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау бір-бірден жүргізіледі және оларға сұраулар қоюмен (оның ішінде денсаулығы туралы, шағым немесе өтініштерінің болуы), сұрау нәтижелерін құжатпен салыстырумен, жеке тінтумен, олардың заттарын тексерумен аяқталады.

39. Айдауылдануға жіберілетін сезіктілер мен айыпталушылар қабылданатын үй-жайларда оларды айдауылдауға қабылдаушылар мен тапсырушылар ғана болуы тиіс.

Сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басына күмән туған жағдайларда айдауыл бастығы (жетекшісі) тиісті түсініктемелер алу үшін уақытша ұстau изоляторы немесе тергеу изоляторы кезекшісіне, қарауыл бастығына өтініш жасайды және алдағы уақытта алынған түсініктемелерге сәйкес әрекет етеді. Ауру адамдарды дәрігер (фельдшер) қарайды. Тексерудің нәтижесі бойынша сезіктілер мен айыпталушылардың жеке ісі бойынша анықтамасына тиісті жазба жүргізіледі.

Айдауылдауға сезіктілер мен айыпталушыларды қажетті растаулар мен түсініктемелер алғанға дейін қабылдауға тыйым салынады.

Туберкулез ауруымен ауыратын айдауылданушыларды айдауылдаудың барлық жағдайларында айдауылдар мен айдауылданушыларға беттеріне тағатын дәке таңғыштар беріледі.

40. Айдауылға қабылданатын адамдар олардың құжаттарына сәйкес жол журналдарына тіркеледі, осыдан кейін оларды жеке тінту, ал олардың заттары мен азық-түліктерін тексеру жүргізіледі. Осы мақсатта айдауыл құрамынан 4-6 сезікті мен айыпталушыға бір тінтуші есебімен айдауыл тағайындалады.

Тінту және тексеру нәтижелері туралы айдауыл бастығы (жетекшісі) жол журналына тінту жүргізген қызметкердің тегін көрсетіп, жазба жүргізеді.

Тінтілушілерден табылған сақтауға тыйым салынған азық-түліктер, құралдар мен бағалы заттар белгіленген тәртіп бойынша алып қойылады және жөнелтуші-органның әкімшілігіне тапсырылады.

41. Айдауылдауға қабылдауға:

1) құжаттары дұрыс ресімделмеген және құжаттары жоқ адамдар;

2) дәрігердің (фельдшердің) қорытындысы бойынша айдауылдауға жатпайтын аурулар;

3) айдауылдау болатын туралы дәрігердің анықтамасы жоқ жүкті әйелдер;

4) белгіленген норма бойынша жол жүру уақытына азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендер немесе маусымға сай киінбегендер;

5) бұрын жұқпалы аурулармен ауырған адамдармен байланыста болған, медициналық қуәландырудан және зертханалық тексеруден өтпегендер теріс нәтижелер алғанға дейін;

6) белгіленген мерзімде санитарлық өндөуден өтпегендер жатпайды.

42. Бөтен адамның көмегі қажет мүгедек сезіктілер мен айыпталушылар айдауылдауға тек тергеу изоляторы немесе уақытша ұстau изоляторы мекемелері өз қызметкерлері арасынан бөлген еріп жүретін адамдармен ғана қабылданады. Соңғы барап пунктten әрі қарай мұндай сезіктілер мен айыпталушылар бұл жайында алдын ала хабардар етілген аумақтық ішкі істер органы бөлген еріп жүретін адамдардың көмегімен айдауылданады. Есі ауысқан және туберкулездің ашиқ түрімен ауыратын адамдар еріп жүретін адамдарымен бірге айдауылдауға тек дәрігердің жазбаша нұсқауы бойынша ғана қабылданады. Жүктілігі алты айдан жоғары әйелдер және жасы екі айға дейінгі балалары бар әйелдер айдауылдауға уақытша ұстau изоляторы, тергеу изоляторы немесе денсаулық сақтау органының емдеу-профилактикалық мекемесі бөлген бірге еріп жүретін медицина қызметкерімен қабылданады.

43. Айдауылдауға жатқызылған сезіктілер мен айыпталушыларды жөнелтуші орган белгіленген норма бойынша жол жүру кезінде бірінші алмастыру пунктіне дейін, егер де олар алмастырусыз тасымалданса, онда жоспарлы бағыттың соңғы пунктіне дейін азық-түлікпен (құрғақ паекпен) қамтамасыз етеді. Тергеу изоляторында немесе уақытша ұстau изоляторында әр айдауылданушыға немесе олардың бір барап пунктке жіберілген тобына азық-түлік атtestаты жазылып беріледі, онда олар қай күннен бастап және қандай азық-түлікпен қамтамасыз етілгені көрсетіледі (7-қосымша), көрсетілген азық-түлік беру тәртібі соттардың көшпелі сессиясына айдаланушыларға да қатысты. Жас балалары бар әйелдерге сонымен бірге, бала күтіміне қажетті азық-түліктер мен заттарды өз ақшаларына сатып алуға рұқсат етіледі. Жол жүру кезінде айдауылданушылар тәулігіне кемінде екі реттен қайнаған сумен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа сезіктілер мен айыпталушыларға өзімен бірге қолдарына беруге рұқсат етілген азық-түліктерді, дәрі-дәрмектерді, бұйымдар мен заттарды, қылмыстық іске қатысты құжаттар мен жазбаларды, олардан ақшалар мен бағалы заттарды алып қойғаны туралы түбіртектерді алып жүргүре болады.

44. Айдауылданушылардың қажетті киім-кешектері мен аяқ киімдерін (оның ішінде маусымдық) болмаған жағдайда және оларды сезіктілер мен айыпталушылардың туыстары арқылы сатып алу мүмкіндігі болмағанда, ішкі істер органында бар заттардың есебінен осы адамдарға киім-кешек беру үшін негіз болып табылатын акті жасалады (қамауда ұстau орындарының қоры немесе құрылған алмастыру қоры есебінен).

45. Айдауыл медициналық қобдишамен қамтамасыз етіледі, әрбір айдауыл адам жарақаттанғанда, сәтсіз оқиғаларға ұшырағанда және аяқ астынан ауырып қалған кезде алғашқы медициналық жәрдем көрсетуді білуі керек. Олар айдауылданушылардың санитарлық және гигиеналық ережелерді сақтауын бақылауға міндettі. Сонымен қатар айдауыл наряды жүқпалы аурулармен ауыратындарды айдауылдау кезінде профилактикалық шаралар туралы нұсқамадан өткізіледі. Мұндай сезіктілер мен айыпталушыларды тасымалдаған көлік залалсыздандырылады.

46. Айдауылданушы жол үстінде ауырып қалған кезде, айдауыл бастығы (аға айдауыл) ауруды заттарымен бірге жақын жерде орналасқан денсаулық сақтау органының емдеу мекемесіне қажетті жағдайда жолай кездескен көлікті немесе жергілікті ішкі істер органы автомобилін пайдаланып жеткізуді ұйымдастырады, бұл туралы жол жүру журналына белгі жасайды, ауырған адам тиісті ішкі істер органы күзетіне тапсырылады.

Эпидемиологиялық аурулармен ауырғандар бар елді мекендерде тоқтаған кезде, осы Ережелерде қарастырылған талаптармен шара қолданылады.

47. Айдауылданушы жол үстінде қайтыс болған жағдайда айдауыл бастығы (жетекшісі) қайтыс болған адамның мәйітін, сонымен қатар оның заттарын қолхатпен жақын жердегі ішкі істер органына тапсырады, атқарушы билік органының және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де мұдделі лауазымды адамдардың (тергеушінің, медициналық қызметкердің, туыстарының) келісімімен ішкі істер органы бастығы оны туыстарына тапсыруға немесе жерлеуді ұйымдастыруға міндettі.

Осы факт бойынша, прокуратуралық органының және аумақтық органының, немесе көліктегі ішкі істер органы өкілдерінің міндettі түрде қатысуымен З дана хаттама жасалады, онда зорлықпен өлтірілген белгілердің болуы (жоқтығы) көрсетіледі және жол жүру журналына тиісті жазба жүргізіледі. Хаттаманың бір данасы қайтыс болған адамның туыстарына хабар беруі және оның қай жерге жерленгені туралы хабардар ету үшін ішкі істер органы бастығына, екіншісі-прокуратураға беріледі, үшіншісі-айдауыл бастығында қалады. Хаттамаға міндettі түрде сот-медициналық сараптамасының қорытындысы қосылады.

5. Сезіктілер мен айыпталушыларды автомобильдерде айдауылдау

48. Айдауылданушыларды арнайы автомобильдерге отырғызу алдында айдауыл бастығы (жетекшісі) оның кузовының жағдайын, жарық түсіру, байланыс құралдарының, сөйлеу құрылғыларының, желдеткіштің, есіктер мен камера құлыштарының, орындықтар мен басқа да жабдықтардың беріктігін тексереді; анықталған кемшіліктерді қалпына келтіруге және қашу немесе шабуыл жасау үшін пайдаланылуы мүмкін заттарды алып тастауға шара қабылдайды. Арнайы автомобильге жанар-жағар май материалдары құйылып қойылуы керек.

Айдауыл бастығы (жетекшісі) белгілі бір жағдайда ішкі істер органы немесе тергеу изоляторының бастығына айдауылданушыларды отырғызу (түсіру) кезінде күзетті күшетту қажет екені туралы мәлімдейді, ол қосымша наряд бөлуге тиісті.

49. Айдауылданушыларды арнаулы автомобильге отырғызу полицей-жүргізушінің жүргүре дайындығы туралы баяндаудын кейін жүргізіледі. Автомобиль мүмкіндігіне қарай сезіктілер мен айыпталушылар отыратын үй-жайлардың шығу есігіне (қақпасына) тақалып қойылады. Қолда бар болғанда жиналмалы металл дәліздер қойылады.

Айдауылданушылар бір қатар бойынша (екеуден) автомобиль кузовының есігіне әкелінеді: айдауыл бастығы (жетекшісі) оларды кезекпен тегімен тексеріп және дауыстап санау арқылы автомобиль кузовына жіберіп тұрады. Кузовта қарусыз айдауылдардың біреуі айдауыл бастығының (жетекшісінің) нұсқауына сәйкес сезіктілер мен айыпталушылардың санын дауыстап қайталай отырып, камералар бойынша орналастырады, басқа айдауылдар айдауылданушылардың автомобильге отырғызылу тәртібін бақылайды. Айналаға бөтен адамдардың жиналудына жол берілмейді.

50. Сезіктілер мен айыпталушыларды арнайы автомобильдер камераларына айдауылданушылардың жеке істеріндегі жеке анықтамаларда көрсетілген немесе айдауылдау алдында айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер орган бастығы) міндеттер қойған кезде айқындалған оларды ішкі оқшаулау талаптарын сақтай отырып орналастырылады.

Сезікті және айыпталушы ерлер мен әйелдерді сонымен қатар кәмелетке толмағандарды бір-бірінен тиісті түрде оқшауламай айдауылдауға тыйым салынады. Өкпе туберкулезінің ашық түрімен ауыратындар ақыл-есі ауысқандар және жұқпалы аурулары барлар өзара оқшауланады және басқалардан бөлек оқшауланады.

51. Айыпталушыларды отырғызғаннан кейін, айдауыл бастығы (жетекшісі) оларды оқшаулау талаптарының сақталудына бақылау тексерісін жүргізеді,

айдауылдардың орналасуы жөнінде нұсқау береді және өзі автомобиль кабинасынан орын алады. Камера құлпының кілті айдауыл бастығында (жетекшісінде) сақталады. Арнайы автомобиль камералары сезіктілер мен айыпталушылар отырған барлық уақытта жарық болуы керек. Кузовта екі айдауыл болғанда, оның біреуі жетекші болып тағайындалады.

52. Арнайы автомобильдің камерасындағы айдауыл айдауылданушылардың тәртібіне ұдайы қадағалау жүргізуге міндettі: бақылау торларын іштен көлегейлеуге, шулауға, темекі шегуге, кузов жабдықтарын бүлдіруге, сонымен қатар басқа камерада отырғандармен сөйлесуге немесе тықылдатуға рұқсат бермеуге; бұл талаптарды орындаған кезде тоқтау туралы кабинаға дабыл беруге және айдауыл бастығымен бірге тәртіп бұзушылықтың жолын кесуге шаралар қабылдауға (белгіленген тәртіппен екі данадан акті жасалынады, бірінші - қылмыстық іс материалдарына қосып тіркеу үшін, екінші - айдауылданушының жеке ісіне); камераның есігін ашуға тек айдауыл бастығын (жетекшісін) жіберуге тиіс.

53. Әрбір 2-3 сағат қозғалыстан кейін, ұзақтығы 10-15 минуттық аялдамалар жасалады. Аялдама жасауға ашық жерлер таңдалып алынады. Аялдама кезінде айдауыл бастығы (жетекшісі) арнайы автомобильдің сыртынан күзетуді ұйымдастырады, қажет болғанда айдауылданушыларды түзге шығару бір-бірден, екі полиция қызметкерінің еріп баруымен жүргізіледі. Камера есіктерінің құлыптары сезіктілер мен айыпталушыларды әрбір шығарғаннан кейін жабылуы керек. Айдауылдаудың бағытындағы автомобильге жанар май құю кезінде (жанар май құйғанға дейін), сезіктілер мен айыпталушыларды машинадан түсіру жүргізілмейді. Жүрер алдында айдауыл бастығы (жетекшісі) тағы да айдауылданушыларды түгендейді, олардың орналасу тәртібін және оқшаулау сенімділігін тексереді.

54. Ауаның температурасы -30 градус төмендеген кезде, жолда екі сағаттан артық болған жағдайда, сонымен қатар боран, қатты қарлы борасын және жолдың езілуі кезінде, журу қындаған жағдайда, айдауыл бастығы (жетекшісі), айдауылданушыларды аяа-райы жағдайы жақсарғанға дейін жақын жердегі уақытша ұстau изоляторына тапсырады, бұл жөнінде айдауылдарды тағайындаған бөлімше командиріне (ішкі істер органы бастығына) баяндалады.

55. Айдауылданушыларды соңғы барап пунктте түсіру кезінде, айдауыл бастығының (жетекшісінің) нұсқауы бойынша полицей-жүргізуші автомобильді алдын ала белгіленген орынға, мүмкіндігіне қарай бөтен адамдар жіберілмейтіндей орынға тоқтатады. Жағдайлар болған кезде, жиналмалы металл дәліздер орнатылады. Сезіктілер мен айыпталушылар бір-бірден қатарға тұрғызылады (екеуден) және айдауыл бастығының (жетекшісінің) әмірі бойынша үй-жайға қарай жылжиды.

56. Жеңіл қызметтік автомобильде тек бір сезікті немесе айыпталушы адам, артқы орынға екі айдауылдың ортасына отырғызылып айдауылданады. Жолда оның қолдарын алдына қаратып немесе айдауылдың (екі айдауылдың) қолдарына біріктіріліп кісен салынады. Автомобиль есіктері кілттеледі, терезе әйнектері ашылмайды.

57. Сезіктілер мен айыпталушыларды ашық жүк автомобильдерінде тасымалдауға тек бортын көтергеннен кейін (кем дегенде 30 см) және кузовтың алдыңғы, соңғы бөлігі айдауылдау үшін берік орнықтырылған орындықтармен жабдықталғаннан соң ғана рұқсат беріледі. Жабық жүк автомобильдерінде айдауылдар жерді шолып қарап отыру және кабинаға дабыл беру мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Жүк көтерімділігі 1,5-2 тонналық жүк автомобильдерінде айдауылданушыларды тасымалдау нормасы 12 адамнан, 2,5-3 тонналықта 22 адамнан, 5 және одан жоғары тонналықтарда 30 адамнан аспауы керек.

58. Ашық жүк автомобильдерінде айдауылданушылар кузов еденіне қатармен (жабылған автомобильде-орындықтарда) және бетімен қозғалысқа қарама-қарсы (ең соңғы қатардан басқасы) орналастырылады. Орнынан тұруға немесе басқа айдауылданушымен орын ауыстыруына тыйым салынады. Ортаңғы қатардағылар ерекше қадағаланатын адамдарға қарсы отырғызылады. Айдауылдар айдауыл бастығының басшылығымен алдыңғы және соңғы орындықтарға, ал бір айдауыл кабинаға орналасады.

59. Арнайы автомобильдерде сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау кезінде айдауыл тобының барлық құрамы тапаншамен қаруланады; ашық немесе жабық жүк автомобильдерінде айдауыл тобының бастығы (жетекшісі) тапаншамен, айдауылдар автоматпен қаруланады.

60. Айдауыл тобының бастығы (жетекшісі) жүргізуішімен бірге дабылдарды нақтылағаннан кейін, айдауылдардың, айдауылданушылардың орналасуын және борт ілмектері мен шынжырларының жарамдылығын тексергеннен кейін ғана автомобильдердің журуіне рұқсат береді. Автомобильдердің журу жылдамдығы 50 км/сағаттан аспауы керек.

Сезіктілер мен айыпталушыларды жабдықталмаған немесе жүк тиелген автомобильдерде, сондай-ақ төңкерілетін кузовтары бар автомобилдер мен мотоциклдарда (мопедтерде, мотороллерлерде) тасымалдауға тыйым салынады.

61. Ауыр және өте ауыр қылмыстары үшін сотталған қылмыстық ортандың көшбасшыларын, "беделді" айдауылдау, сонымен қатар арнайы автомобиль толық толтырылғанда барап пунктке дейін полиция символикасы бар автомобиль міндетті түрде бірге еріп жүреді.

62. 50 км-ден астам қашықтыққа айдауылдау кезінде арнайы автомобиль жүрісінің бағытын облыстық Ішкі істер басқармасының басшылығы бекітеді,

онда түнейтін және жанар-жағар май материалдарын құю орындары белгіленеді. Айдауыл қозғалысының бағыты бақылауға алынады.

63. Айдауылдау құрамына айдауыл тобының бастығын (жетекшісі) және полицей-жүргізушінің қосқандада кем дегенде үш айдауыл бөлінеді.

64. Айдауыл жіберуші айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер органы бастығы) арнайы автомобильдің шыққан күні, уақыты туралы соңғы барап пунктінің, сонымен қатар аралық ішкі істер органы бастықтарына хабарлауға міндettі.

65. Айдауыл бастығы (жетекшісі) жол үстінде барап пунктке жеткенге дейін ішкі істер органы кезекшісімен үзбей байланыста болуға міндettі.

6. Сезіктілер мен айыпталушыларды ұшакта (тік ұшакта) айдауылдау

66. Айдауылданушыларды айдауылдау бағытының қашықтығы ұзақ болған жағдайда, немесе әуекөліктері жалғыз қатынас құралы болып табылса әуе кемелерінде тасымалдауға рұқсат етіледі. Сезіктілер мен айыпталушылар әуе көліктерінде жиі тасымалданатын болса, ең қолайлы рейстер таңдалады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды әуе көліктерінде айдауылдау кезінде, мынадай талаптарды есте сақтау қажет:

1) эксплуатантқа (меншік иесі, жалгер т.б.) және әуе кемесінің командиріне әуе кемесінің ұшуынан үш сағат бұрын тұтқында отырғандарды тасымалдау туралы хабар беруі керек;

2) айыпталушылар және айдауылдар отыратын орындар қалай болғанда жолаушылар бөлігінің соңғы бөлігіне жақын орналасу керек, бірақ демалу аймағында немесе шығатын жерге қатар немесе қарама-қарсы болмауы керек;

3) айдауылдарға әуе кемесінің бортына жас ағызғыш газ контейнерлерін (баллондар) немесе ол тектес қатардан шығарылатын құрылғыларды алып кіруге болмайды;

4) айдауылдар берілген ақпараттың алынғанын растауға тиіс қауіпсіздік қызметінің қызметкерлеріне, әуежайдағы полиция органының кезекшісіне және борт жолсерігіне өзін таныстыруы керек.

67. Жерге қону алдында полиция қызметкерлері авиация қауіпсіздігі қызметінің мамандарымен бірге айдауылданушылар орналастырылатын ұшақ (тік ұшак) салондарына (бөліктеріне) тексеру жүргізеді, жеке тінтуді, сонымен қатар олардың қол жүктөрін тексеруді жүзеге асырады. Шылымдары қол жүктөрімен бірге алынып, ұшақтың жүк бөлімшесіне тапсырылады. Бір айдауылданушы жүгінің салмағы 20 кг-дан аспауы керек (киім-кешектері, санитарлық-гигиеналық заттары мен азық-түліктері).

68. Айдауылданушыларды ұшаққа (тік ұшаққа) отырғызу жалпы жолаушыларды отырғызғанға дейін, ал түсіру-тек барлық жолаушылар түсіп болғаннан кейін жүргізіледі.

69. Айдауылданушылар ұшаққа әкелінген кезде арнайы автомобиль ұшақ тарапына әкелінеді, отырғызу аяқталғаннан кейін, әуе кемесі ұшып кеткенге дейін, автомобиль тұраққа қойылады. Айдауылданушылар отырғызылған арнаулы автомобильдің тоқтау орны және оның ұшақ ұшып кеткенге дейінгі тұрағы әуежай әкімшілігімен келісіледі.

70. Сезіктілер мен айыпталушыларды ұшаққа (тік ұшаққа) отырғызуды және түсіруді тағайындалған айдауыл тобы, ішкі істер органы қосымша бөлген айдауылды жөнелтуші, қарсы алушы нарядтардың, сонымен қатар осы әуежайда орналасқан желілік ішкі істер органдары қатыса отырып жүзеге асырады. Осыған сәйкес айдауыл және қосымша наряд екі қатарға дәліз түрінде айдауылданушылардан 2 және 15м қашықтықта тұрғызылады. Айдауылдар міндепті түрде ұшақтың (тік ұшақтың) шығу есігі жанында, ұшақтың (тік ұшақтың) ішінде және қарама қарсы сап түзейді. Отырғызу және түсіру кезінде айдауылдау бір-бірден, кісенмен, айдауыл тобы бастығының және айдауылдардың еріп жүруімен жүзеге асырылады.

71. Сезіктілер мен айыпталушыларды әуе кемесінде тасымалдау тек қолдарын алдына қаратып кісендеумен жүргізіледі.

Айдауылданушылар ұшақтарда (тік ұшақтарда) орналастыру бір салонда орналастырылады. Айдауылдар алдыңғы, бүйірдегі және олардың артындағы орындықтарға орналасады.

Ұшып шыққаннан кейін және әуе кемесі қонғанға дейін айдауылдардың біреуі айдауылданушылар орналасқан бірінші қатардағы креслолар жанында турегеп тұрып, қызмет өткереді. Айдауылдың ауысуын әр 30 минут сайын айдауыл тобының бастығы (жетекшісі) жүргізеді.

72. Сезіктілер мен айыпталушыларды әжетханаға шығару бір-бірден жүргізіледі, айдауыл бастығы мен айдауыл екіге бөлініп, айдауылданушының алдында және артында еріп жүреді. Айдауылданушы әжетхана ішінде болған уақытта есік жартылай ашық қалпында қалады, кісендері шешіледі.

Әйелдерді айдауылдау кезінде, айдауыл құрамына ішкі істер органының әйел қызметкерлері кіреді.

73. Айдауылдың барлық құрамы тапанша немесе автоматпен қаруланады. Барлық қабылданған шаралар адамдар өміріне төнген қауіп-қатерді жоюдың барлық шаралары жеткіліксіз болғанда, айдауыл ұшақ ұшқанға дейін және отырғызылғаннан кейін ғана қару қолдана алады.

Ұшу кезінде қаруды қолдануға және пайдалануға тыйым салынады.

74. Жазалаудың ең жоғарғы шарасына сотталған немесе өлім жазасына кесілуі мүмкін адамдарды айдауылдау үшін күшетілген айдауыл бастығы ішкі істер органының орта және жоғары басшы құрамынан, айдауылдау тәжірибесі бар адамдарды тағайындаиды.

Күзетті күшету мақсатында қосымша екі полиция қызметкері бөлінеді, айдауылданушыларға кигізілген екі пар кісенді өзіне тіркеп алып жүреді.

75. Сезіктілер мен айыпталушыларға әуе кемесінің жолаушыларына берілетін тағамдар беріледі, оны айдауыл бастығы жүзеге асырады. Тағам әр кезекте екі айдауылданушыға ғана беріледі. Тамақ ішер алдында кісендері алынады. Пышақ және шанышқылар берілмейді. Айдауылдар тек айдауылданушылар тамақ ішіп болғаннан соң кезекпен тамақтанады.

76. Жөнелтуші пункттің ішкі істер органы бастығы (орынбасары):

1) әуежай әкімшілігіне сезіктілер мен айыпталушыларды әуе көліктерінде тасымалдауға уақытымен өтініш жіберуге, айдауылданушы адамдар құрамының санын анықтауға, айдауыл бастығын тағайындауға, барлық айдауылданушылар мен айдауылдарға авиабилеттерді сатып алушы ұйымдастыруға;

2) барап пункттің ішкі істер органы бастығына рейстің нөмірі, ұшудың күні және уақыты, айдауылданушылар мен айдауылдардың саны көрсетілген жеделхат (жеделхабар) жіберуге, қарсы алатын айдауылды, арнаулы автокөлікті жіберу қажеттілігі туралы хабарлауға;

3) айдауыл жабдықтарын, қаруларын, кісендерін, ысқырықтарын, фонарларын, қызметтік құжаттарын, оның ішінде айдауылданушылардың жеке іс парағын тексеруге. Айдауылдарға ұшаққа отырғызу, ұшу, қону кезіндегі күзеттің ерекшелігі туралы және олардың төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуіне жеке өзі нұсқау беруге;

4) Уақытша ұсташа изоляторларында айдауылданушыларды жеке тінтуді, олардың жеке заттары мен жүктерін қарауды, арнайы автомобильдің дайындығын тексеруді кузовтан қашу немесе шабуыл жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін заттарды алып тастауды ұйымдастыруға;

5) айдауылданушыларды ұшаққа (тік ұшаққа) отырғызғанға дейін айдауылмен бірге еріп журу үшін, полиция қызметкерлерінің қосымша нарядын бөлуге, қажет болған жағдайда оның құрамына қызметтік итімен бірге кинологты кіргізуғе;

6) бір тәуліктен кешіктірмей айдауылдың ұшып шығу уақыты және айдауылданушылардың саны, әуежайға жеткізетін көлік түр туралы әуежайдағы желілік ішкі істер органы басшысын жазбаша түрде ескертуге;

7) барап пункттің ішкі істер органына айдауылданушыларды тапсырған сәтке дейін айдауыл қозғалысы жайлы ақпарат алып отыруды ұйымдастыруға міндетті.

77. Барап пункттің ішкі істер органы бастығы (орынбасары):

1) қарсы алу айдауылы үшін наряд тағайындауға, оның қарулануын, жабдықталуын тексеруге, айдауылданушыларды күзетудің ерекшелігі туралы нұсқау беруге;

2) айдауылдарды қарсы алу үшін арнайы автомобиль жіберуге, уақытша ұстау изоляторларына айдауылданушыларды орналастыру мен күзетуді үйимдастыруға;

3) келген айдауылдардың жеке құрамына орналасу, демалу, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету жағынан қажетті көмек көрсетуге міндettі.

78. Эуежайдары ішкі істер органы бастығы (оның орынбасары):

1) Айдауылданушылар ұшаққа (тік ұшаққа) отырғызылғанға дейін олар тұрған орындарға қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сактауды күшету жөнінде қажетті шараларды қолдануға;

2) ұшаққа (тік ұшаққа) жолаушыларды жалпы отырғызуға дейін, айдауылданушыларды отырғызууды үйимдастыруға;

3) айдауыл бастығына (жетекшісіне) билеттерді сатып алуға, айдауылданушыларды бақылап тінтуге және олардың жүктөрі мен қол жүктөрін қарауға көмек көрсетуге;

4) аралық әуежайларынан әуе кемелерінің ұшуы ұзақ уақыт кешіктірілген кезде (1,5 сағатқа немесе одан да көп) айдауылға айдауылданушыларды ұшақ (тік ұшақ) бортынан желілік ішкі істер органы немесе әуежай әкімшілігі ұсынған жолаушылардан бөлек үй-жайға ауыстыруға көмек көрсетуге;

5) әуе кемесі тұнгі уақытта тұрып қалған кезде, аумақтық ішкі істер органы бастығымен байланысып, айдауылданушыларды жақын жердегі уақытша ұстау изоляторларына орналастыру туралы мәселелерді шешуге міндettі.

79. Ішкі істер органы жөнелту пунктіндегі кезекшісі:

1) айдауылды жөнелту (қарсы алу) кезінде осы Нұсқаулықтағы талаптарды қатаң түрде жетекшілікке алуға;

2) айдауылға қару, арнаулы құралдар, жабдықтауға қажетті заттарды беруге;

3) Уақытша ұстау изоляторы бастығымен және айдауыл бастығымен бірге айдауылданушыларды жөнелту кезінде жеке тінту жүргізуге; олардан тыйым салынған заттарды, оның ішінде шылым тарту бұйымдары алып алуға;

4) айдауылды жөнелту кезінде ішкі істер органы бойынша әуежайдары кезекшіні хабардар етуге және онымен ұдайы байланысты үзбеуге;

5) айдауылдың ұшып шығатын дәл уақыты немесе кешігуі жөнінде белгіленген пункттегі ішкі істер органы кезекшісіне дереу хабарлауға міндettі.

80. Ішкі істер органының әуежайдары кезекшісі:

1) айдауылдың айдауылданушылармен келуі туралы ақпаратты алғаннан кейін, нарядқа қызметті өткеру кезінде қырағылықты күшету туралы нұсқау беруге;

2) айдауылданушыларды ұшаққа отырғызу (түсіру) кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін, айдауылданушыларды күзету үшін айдауылға көмекке полиция қызметкерлерін бөлуге;

3) айдауыл айдауылданушылармен әуежайға келген кезде оларды қарсы алууды қамтамасыз етуге;

4) арнайы автомобиль кешіккен жағдайда, айдауылданушыларды арнайы бөлінген бөлмеге (үй-жайға) жеткізуді үйымдастыруға;

5) аумақтық ішкі істер органы кезекшісіне айдауылдың ұшып шығуы туралы (ұшып келуі) хабарлауға;

6) ұшақ (тік ұшақ) ұшып шыққаннан кейін бұл жайлы белгіленген әуежайдағы ішкі істер органы кезекшісіне хабар жіберуге міндettі.

81. Айдауыл бастығы (жетекшісі):

1) әуежайға келгеннен кейін ішкі істер органы бойынша кезекшіні ұшып шығу уақыты, рейстің нөмірі және айдауылданушылардың саны туралы хабардар етуге;

2) арнайы автомобилде айдауылданушылармен бірге әуежайдағы ішкі істер органы қызметкерінің ертуімен қауіпсіздік қызметінің бекеті арқылы әуе кемесі тұрған жерге барып, тексеру жүргізуі полиция қызметкерінің немесе авиация қауіпсіздік қызметінің шақыруын күтуге;

3) айдауылданушыларды ұшаққа (тік ұшаққа) отырғызғанға дейін жолаушылар салонын қарап шығуға және барлық бөтен заттарды алып тастауға; Әуе кемесіне отырғызу алдында қосымша нарядтың көмегімен осы Тәртіптегі талаптарға сәйкес айдауылданушыларды күзетуді үйымдастыруға;

4) айдауылданушыларға кісендерін кигізуге, олардың ұшақ ішіндегі (тік ұшақта) ереже тәртібін сақтауын ескертуге, жеке тінтуді, сонымен қатар жүктепі мен қол жүктепін қарауды жүргізуге, қол жүктепін әуе кемесінің жүк бөлімшесіне тапсыруға;

5) айдауылданушыларды ұшаққа (тік ұшаққа) отырғызу жолаушылардың жалпы отырысына дейін жүргізіледі. Әуе кемесінің салонына бірінші айдауылданушыны екі айдауыл және айдауыл бастығы (жетекшісі) айдауылдайды. Ұшақ салонына айдауылданушыны орналастырганнан кейін, оны күзету үшін екі айдауыл қалады да, ал айдауыл бастығы (жетекшісі) келесі айдауылданушыны енгізу үшін сыртқа беттейді. Екінші және одан кейінгі айдауылданушыларды айдауыл және айдауыл бастығы (жетекшісі) алып кіреді;

6) әуе кемесінде айдауылдау кезіндегі барлық күзету мәселелері бойынша ұшақ (тік ұшақ) экипажымен байланысты үзбеуге және айдауылданушылар мен

айдауылдың жеке құрамының борттағы жолаушылар үшін белгіленген міндетті ережелерді орындауды қамтамасыз етуге;

7) ұшақтардың (тік ұшақтардың) аралық пункттердегі тұру уақытының ұзақтығы 1,5 сағатқа созылған жағдайда айдауылданушыларды жолаушылардан оқшауландырылған үй-жайларға, ал тұнгі кезде ұшуда қосымша кідіріс болғанда жақын маңдағы аумақтық ішкі істер органының уақытша ұстau изоляторына ауыстыруға;

8) Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстau изоляторына (тергеу изоляторына) тапсырғаннан кейін айдауылдың жеке құрамының қаруларды уақытша сақтауға ішкі істер органы кезекшісіне бергендігін хаттамалауға, бұдан әрі болатын жері туралы оны хабардар етуге;

9) тапсырмаларды орындағаны туралы өз ішкі істер органы бастығына баяндауға, бұдан әрі оның нұсқауы бойынша, егер де ол алдын ала келісіліп қойылmasa, әрекет етуге міндettі.

82. Айдауыл айдауыл бастығына (жетекшісіне) бағынады. Ол:

1) осы Тәртіп талаптарын білуге және қатаң сақтауға;

2) ұшақ (тік ұшақ) ішінде жолаушылар үшін белгіленген барлық ережелерді қатаң сақтауға. Әуе кемелерінің қызметтік үй-жайларына кіруге қатаң тыйым салынады.

3) айдауылданушылардың тәртіpterін ұдайы бақылауды жүзеге асыруға, олардың орындарынан тұруына, жолаушылармен сөйлесуіне және әр түрлі байланысқа түсуіне рұқсат бермеуге міндettі.

7. Сезіктілер мен айыпталушыларды жолаушылар поездарының вагондарында, өзен және теңіз кемелерінде айдауылдау

83. Теміржол көлігімен айдауылдау Қазақстан Республикасы теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органдар басшылығы бекіткен жолаушылар және пошталық-жүк поездарымен жүру кестесінің жинағы негізінде жүргізіletін арнайы вагондар кестелері жинағының негізінде жүріп тұратын арнайы вагондарда жүзеге асырылады.

84. Жекелеген жағдайларда жолаушылар поездарының купелік вагондарында айдауылдау рұқсат етіледі. Айдауылданушылар вагонның соңғы купесіне бөлек орналастырылады. Айдауылдау бағыты полицияның көліктегі желілік бөлімдерімен келісіледі. Айдауылданушыларды плацкарт вагондарда тасымалдауға тыйым салынады.

85. Полиция қызметкерлері айдауылданушыларды отырғызудан бұрын олар орналастырылатын поездың вагоны мен купесіне тексеру жүргіzedі.

86. Айдауылданушы адамдарды купелік вагондарға отырғызу жолаушыларды жалпы отырғызуға дейін, ал тұсіру - барлық жолаушылардан кейін жүргізіледі.

87. Айдауылданушыларды поезга жеткізген кезде, арнайы автомобиль вагон тамбурына тақап қойылады, ал отырғызу аяқталғаннан кейін автомобиль поезд жүріп кеткенге дейін тұратын тұраққа апарып қойылады. Арнайы автомобильдің тұрақ орны теміржол вокзалы әкімшілігімен алдын ала келісіледі.

88. Сезіктілер мен айыпталушыларды вагонға отырғызуды және тұсіруді айдауылдауды жөнелтетін, баратын пунктте қарсы алушы ішкі істер органдарының, сондай-ақ көліктегі желілік полиция бөлімдері бөлген қосымша нарядтардың қатысуымен тағайындалған айдауыл жүзеге асырады. Осы кезде айдауыл және қосымша наряд, айдауылданушылардан 2 және 15 метр ара қашықтықта екі қатарлық сап түзеп, дәліздер жасап тұрады. Вагонның кірер есігінің алдына және қарама-қарсы жағына, сондай-ақ вагонның ішіне міндепті түрде айдауылдар тұрғызылады. Айдауылданушыларды отырғызу және тұсіру кезіндегі айдауылдау бір-бірден, кісен салынып, айдауыл бастығы мен айдауылдардың еріп жүруімен жүзеге асырылады.

89. Сезіктілер мен айыпталушыларды жолаушылар поезының купелік вагонында тасымалдау қолдарына "алдынан" кісендер тағу жағдайында ғана жүзеге асырылады, осы орайда купедегі терезе берік жабылған жағдайда болады.

90. Сезіктілер мен айыпталушыларды әжетханаға шығару бір-бірден жүргізіледі, айдауыл бастығы мен айдауылдар оның алдында және сонында жүріп отырады. Әжетхана есігі айдауылдану онда болған кезде сәл ашық қалады, кісендері шешіледі, терезе жабық жағдайда болады.

Әйелдерді айдауылдау кезінде айдауыл құрамына ішкі істер органдарының әйел қызметкерлері қосылады.

91. Айдауылдаудың барлық жеке құрамы тапаншалармен немесе автоматтармен қаруланады. Айдауыл адамдар өміріне төнген қауіпті барлық шаралар жеткіліксіз болған кезде қару қолдануы мүмкін.

92. Жоғарғы жазага кесілген немесе өлім жазасы үкімі шығарылуы мүмкін адамдарды айдауылдау үшін, күшетілген айдауылдың бастығы ішкі істер органдарының орта және аға басшы құрамы қатарынан айдауылдаудан тәжірибесі бар адам тағайындалады.

Күзетті күшету мақсатында, айдауылданушының қолына кигізілген кісеннің екі жұбын өздерінің қолындағы кісенге тағып алып жүретін полицияның екі қызметкери қосымша бөлінеді.

93. Ишкі істер органының жөнелту пунктінің бастығы (орынбасары):

1) теміржол вокзалының әкімшілігіне сезіктілер мен айыпталушыларды теміржол көлігімен тасымалдау туралы тапсырысты жолдауға, айдауылдың

сандық құрамын анықтауға, айдауыл бастығын тағайындауға, барлық айдауылданушылар мен айдауыл құрамына билеттер алуды ұйымдастыруға;

2) барап жердің ішкі істер органының бастығына поездың нөмірі, жүру және белгіленген пунктке келу күні мен уақыты, айдауылданушылар мен айдауылдардың саны, қарсы алушы айдауылдарды, арнайы автокөлікті жіберу қажеттігі көрсетілген жеделхатты (жеделхабарлама) жолдауға;

3) айдауылдың жабдықталуын, қарудың, кісендердің, ысқырғыштардың, фонарлардың, қызметтік құжаттардың, оның ішінде айдауылданушылардың жеке істерінің бар-жоғын тексеруге. Айдауылданушыларды поезға отырғызу кезінде күзетудің ерекшеліктері және төтенше жағдайлар кезіндегі айдауылдардың іс-әрекеттері туралы айдауылға жеке өзі нұсқау беруге;

4) Уақытша ұстай изоляторында айдауылданушыларды жеке тінтуді, олардың жеке заттары мен жүктөрін тексеруді, арнайы автомобильдің жүргуге дайындығын тексеруді, шабуыл жасау немесе қашып кету кезінде қолданылуы мүмкін заттарды кузовтан алып тастауды ұйымдастыруға;

5) айдауылданушыларды вагонның купесіне отырғызуға дейін айдауылдардың еріп жүруі үшін полиция қызметкерлерінің қосымша нарядын жолдауға, қажет болған кезде оған қызметтік иті бар кинологты қосып беруге;

6) көліктегі полицияның желілік бөлімі басшысын айдауылдың шығу уақыты және айдауылданушылардың саны, оларды теміржол вокзалына жеткізетін көлік түрі туралы бір тәуліктен кешіктірмей жазбаша түрде алдын ала ескертуге;

7) айдауылданушыларды барап жердің ішкі істер органына тапсырғанға дейін айдауылдың қозғалысы туралы ақпараттар алуды ұйымдастыруға міндетті.

94. Барап жердің ішкі істер органы бастығы (оның орынбасары):

1) қарсы алушы айдауыл нарядын тағайындауға, оның қарулануын, жабдықталуын тексеруге, айдауылданушыларды күзетудің ерекшеліктері туралы нұсқау беруге;

2) айдауылды күтіп алу үшін арнайы автомобильді жіберуге, айдауылданушыларды уақытша ұстай изоляторында күзету мен орналастыруды ұйымдастыруға;

3) келіп жеткен айдауылдың жеке құрамын орналастыруға, демалдыруға, материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етуге қажетті көмек көрсетуге міндетті.

95. Полицияның желілік бөлімінің бастығы (оның орынбасары):

1) айдауылданушылар поезға отырғызылғанға дейін болатын жерде қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қүшету жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға;

2) айдауылданушыларды бақылап-тінтуге және заттары мен қол жүктөрін тексеруде көмек көрсетуге;

3) жолаушы поезының тұнгі кешігүі кезінде, айдауылданушыларды желілік ішкі істер органының уақытша ұстай изоляторына орналастыру туралы мәселелерді шешуге міндettі.

96. Жөнелту пунктынан ішкі істер органы кезекшісі:

1) айдауылды жөнелту (қарсы алу) кезінде осы Тәртіптің талаптарын қатаң басшылыққа алуға;

2) айдауылға қаруды, арнайы құралдарды, жабдықтауға қажет заттарды беруге;

3) Уақытша ұстай изоляторы бастығы және айдауыл бастығымен (жетекшісімен) бірлесе отырып, жөнелту кезінде айдауылданушыларды жеке тінтуді мұқият жүргізуге, олардан тыйым салынған заттарды алып қоюға;

4) көліктегі желілік ішкі істер органының кезекшісіне айдауылдың жүріп кеткендігі туралы хабар беруге және онымен ұдайы байланыста болуға;

5) айдауылдың жүріп кеткен дәл уақыты туралы немесе оның кідіріп қалуы туралы барап жердегі ішкі істер органының кезекшісіне дереу хабарлауға міндettі.

97. Көліктегі полицияның желілік бөлімінан кезекшісі:

1) айдауылданушылармен бірге айдауылдың келіп жетуі туралы хабарды алғаннан кейін нарядтарға қызметті атқару кезінде қырағылықты күшету туралы нұсқау беруге;

2) айдауылданушыларды күзету, отырғызу (түсіру) кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін айдауылға көмекке полиция қызметкерлерін бөлуге;

3) айдауыл айдауылданушылармен бірге вокзалға келіп жеткенде, оны қарсы алууды қамтамасыз етуге;

4) арнайы автомобиль кешікken жағдайда, айдауылданушыларды арнайы бөлінген бөлмеге (үй-жайға) айдалап апаруды ұйымдастыруға;

5) аумақтық ішкі істер органының кезекшісіне айдауылдың жүріп кетуі (келіп жетуі) туралы хабарлауға;

6) жолаушылар поезы жөнелтілгеннен кейін барап жердегі көліктік полицияның желілік органының кезекшісіне ақпарат жіберуге міндettі.

98. Айдауыл бастығы (жетекшісі):

1) вокзалға келіп жеткен соң ішкі істер органы кезекшісін поездың журу уақыты, вагондардың нөмірлері, орындары және айдауылданушылардың саны туралы хабардар етуге;

2) айдауылданушыларды вагонға отырғызғанға дейін жолаушылар салонын тексеруге және барлық бөтен заттарды алып тастауға. Жолаушылар поезына отырғызу алдында қосымша нарядты есепке ала отырып, осы Тәртіптің талаптарына сәйкес айдауылданушылардың күзетілуін ұйымдастыруға;

3) айдауылданушыларға кісендер кигізуге, оларды поездады жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы ескертуге, бақылау жеке тінтуін, сонымен қатар жүктөрін қарауды жүргізуге;

4) жолаушыларды жалпы отырғызуға дейін айдауылданушыларды поезда отырғызуды жүргізуге. Бірінші айдауылданушыны вагон салонына екі айдауыл және айдауыл бастығы (жетекшісі) кіргізеді. Айдауылданушыны вагонның салонына орналастырғаннан кейін оны құзету үшін екі айдауыл қалады, ал айдауыл бастығы келесі айдауылданушыны айдалап алып келуге қайтып барады. Екінші және келесі айдауылданушыларды айдауыл және айдауыл бастығы (жетекшісі) ертіп алып жүреді.

5) айдауылданушыларды жолаушылар поезында айдауылдау кезіндегі құзетудің барлық мәселелері бойынша жолаушылар поезына еріп жүрген көліктегі полицияның желілік бөлімі нарядымен байланыста болуға және айдауылдың жеке құрамы мен айдауылданушылардың жолаушылар үшін белгіленген барлық міндетті ережелерді орындаудың қамтамасыз етуге;

6) жолаушылар поезының тұнгі уақытта ұзақ кідіруі кезінде айдауылданушыларды жолаушылардан оқшауланған үй-жайларға, желілік ішкі істер органының немесе жақын жердегі аумақтық ішкі істер органының уақытша ұстая изоляторына ауыстыруға;

7) айдауыл бастығы (жетекшісі) вагонның ақаулануы және оның жолда тіркеуден ағытылуы жағдайында поезд бастығының келісімі бойынша осы поездың басқа купелік вагонына айдауылданушылар мен айдауылдарды ауыстыру шараларын қабылдайды. Бұл жағдайда да вагонның жеке (соңғы) күпесі беріледі;

8) сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстая изоляторына (тергеу изоляторына) өткізілгеннен кейін айдауылдың жеке құрамының қару жаракты уақытша сақтауға ішкі істер органдары кезекшісіне тапсыруын хаттамалауға, оны өзінің бұдан әрі болатын орны туралы хабардар етуге;

9) тапсырманың орындалғаны туралы өз ішкі істер органының бастығына баяндауға, бұдан әрі оның нұсқауы бойынша, егер ол алдын ала келісілмесе, әрекет етуге;

10) сезіктілерді немесе айыпталушыларды әжетханаға шығару кезінде вагонның тамбурында күзет орнын үйымдастыруға міндетті.

99. Айдауыл айдауыл бастығына (аға айдауылға) бағынады.

Ол:

- 1) осы Тәртіптегі талаптарды білуге және қатаң сақтауға;
- 2) жолаушылар поезында жолаушылар үшін белгіленген барлық ереже тәртіптерін қатаң сақтауға;

3) айдауылданушылардың тәртібін ұдайы бақылауды жүзеге асыруға, оларға орнынан тұруға, сөйлесуге және жолаушылармен кез-келген байланысқа түсүіне рұқсат бермеуге міндettі.

100. Сезіктілер мен айыпталушыларды өзен немесе теңіз кемелерінде айдауылдау үшін, әдетте, құрамы тапанша және автоматпен қаруланған, қүшеттілген айдауыл тағайындалады.

101. Айдауылды жіберуші айдауыл бөлімшесінің командирі (орган бастығы) өзен және теңіз кемелеріне айдауылданушыларды отырғызу кезінде оларды құзетуді қүшетту шараларын қолдануға, сондай-ақ, соңғы белгіленген пункттегі ішкі істер органы бастығына айдауылдың келіп жету уақыты және оған көрсетілуі қажет көмектің сипаты туралы күні бұрын хабарлауға міндettі.

102. Сезіктілер мен айыпталушылар пристаньға жолаушыларды жаппай отырғызуға дейін бір-екі сағат бұрын және мүмкіндік бойынша тікелей кеме трапына жеткізіледі. Оларды арнайы автомобильден түсіргенге дейін, айдауыл бастығы (жетекшісі) айдауыл мен айдауылданушыларға оқшауланған үй-жайлар бөлу туралы кеме капитанымен мәселені жеке шешеді (айдауылданушыларды ашық палубаларға орналастыруға жол берілмейді), айдауылданушыларды ұстауға арналған үй-жайларды (каюталар, трюмдар) қарап шығады, олардың терезелерін (иллюминаторлар) жабады, жарықты, желдеткіштің дұрыс жұмыс істеуін тексереді; есіктердің алдына оған бағынышты айдауылдар арасынан қузет орындарын қояды.

103. Сезіктілер мен айыпталушылар кемеге топ алдында жүретін айдауыл бастығының (жетекшісінің) соңынан жіберіледі. Осы орайда полиция қосымша нарядтары кеменің алдыңғы және артқы бөліктеріне қарама-қарсы жағалауда қызмет өткереді.

Отырғызу аяқталған соң айдауылданушылар саны қайтадан санаумен және ілеспе құжаттар бойынша тексеріледі. Отырғызу (түсіру) кезінде олардың жүріс-тұрысына жол берілмейді.

104. Айдауылданушыларды қүзету нұктелері терезелердің (иллюминаторлардың) және есіктердің (люктердің) алдына қойылады.

105. Сезіктілер мен айыпталушыларды әжетханаға шығарып келу айдауылданушының алдынан және артынан еріп жүретін айдауыл бастығының (жетекшісінің) және айдауылдың қүзетуімен бір-бірден жүргізіледі. Әжетхана алдын ала тексеріледі, терезелер (иллюминаторлар) жабылады; айдауыл бастығы (жетекшісі) жартылай ашық тұруы тиіс (әйелдерді апарған жағдайдан басқа) дәретхана есігінің жанында, ал айдауыл тиісті бөлікке немесе палубаға кіретін (шығатын) жерде тұрады. Әжетханаға апарылатын айдауылданушы әйелдерді қадағалау үшін кеме капитанының келісімімен кемедегі қызмет көрсету персоналы арасынан әйелдер тартылуы мүмкін.

106. Кеме тұрақтарында жолаушыларды отырғызу (түсіру), кеме қатынасына қауіпті участеклерден өту кезінде айдауыл сезіктілер мен айыпталушылардың іс-әрекетін бақылауды күштейді. Теніз дауылы кезінде айдауылға шабуыл жасау әрекеттеріне және айдауыл құрамымен және айдауылданушылармен кездессоқ оқиғалардың болуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға ерекше көніл бөлінеді.

107. Айдауыл бастығы (жетекшісі) осылармен қатар: кеменің негізгі белгі беру жүйесін білуге және олардың мағынасын қарамағындағыларға түсіндіруге, кеме капитанымен оқиғалар және апат болған жағдайдағы айдауылдың іс-әрекетін келісуге; айдауылдың жеке құрамының және айдауылданушылардың кеме жолаушылары үшін бекітілген тәртіптерді қатаң сақтауын қамтамасыз етуге ; сезіктілер мен айыпталушыларды құзетумен және оларды айдауылдау бойынша тапсырмаларды орындаумен тікелей байланысты мәселелерді шешуден басқа жағдайларда айдауылды ұдайы басқаруға міндетті.

8. Сезіктілер мен айыпталушыларды арбалы көлікпен және жаяу алыш жүру тәртібімен айдауылдау

108. Сезіктілер мен айыпталушыларды арбалы көлікпен айдауылдау қысылтаяң жағдайларда, бір ат жегілген арбаға төрт адамнан аспайтын есеппен жүргізіледі. Мұндай көлікті жалдауды жөнелту пунктінде айдауылды тағайындаған айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер органы бастығы), ал жүру жолында айдауыл бастығы (жетекшісі) жүзеге асырады. Айдауыл бастығынан (жетекшісінен) басқа айдауыл құрамы автоматпен қаруланады. Делбеші айдауыл құрамына кірмейді.

Айдауылданушылар арбада беттері қозғалыс бағытына қаратылып орналастырылады, айдауылдар олардың артына жайғасады.

109. Сезіктілер мен айыпталушыларды жаяу алыш жүру тәртібімен айдауылдау кезінде олардың саны мен жолдың еніне қарай 2-4 адамнан сапқа тұрғызады.

Айдауыл қою мынадай түрде жүргізіледі:

1) екі айдауыл болса, біреуі айдауылданушылардың сол жағында 1-1,5 метр жерде және сәл артта, келесісі (аға айдауыл) - олардың артынан осындей ара қашықтықта оң жағынан жүріп отырады;

2) үш айдауыл болғанда екі айдауыл айдауылданушылардың екі жағынан, айдауыл бастығы (жетекшісі) барлық топтың артында жүреді;

3) төрт және оданда көп айдауылдар болғанда, олардың біреуі айдауылданушылардың алдында, қалғандары жан-жағында, айдауыл бастығы

саптың артында жүреді. Жағдайларға қарай, айдауыл бастығы (жетекшісі) айдауылдар және айдауылданушылар арасындағы ара қашықтықты қысқартады немесе ұзартады.

Қызметтік иті бар полиция қызметкері (егерде ол айдауылға берілетін болса) айдауылданушылардың оң (сол) жағынан немесе артында оларға итті тым жақыннатпай жүріп отырады.

110. Жолға шығар алдында, айдауыл бастығы (жетекшісі): "Айдауылданушылар! Сіздер айдауылға бағынуға тиістісіздер. Жүріп келе жатқанда бір қатардан екінші қатарға ауысуға, дауыстап сөйлесуге, темекі шегуге, бөтен адамдармен қандайда бір байланысқа түсуге, тоқтауға немесе қозғалыс қарқынын жеделдетуге тыйым салынады. Ескертемін: қашқан немесе айдауылға шабуыл жасаған жағдайда қару қолданылады",-деп ескертеді.

111. Айдауылданушының жүріс-тұрыс тәртібін бұзғандығын байқаған айдауыл келісілген белгі бойынша бұл жөнінде айдауыл бастығына (жетекшісіне) хабарлайды және түзеу шараларын қолданады.

112. Айдауылданушылар сабы жолдың жүру бөлігінің оң жағымен көлік қозғалысының бағыты бойынша жүріп отыруы тиіс. Адамдар көп жүретін жерлермен, темір жол жолақтарымен және өзендер жағалауларымен журуге тыйым салынады. Оларды автокөліктердің басып кету жағдайларының алдын алу мақсатында саптың алдында және артында жүріп келе жатқан айдауылдар қызыл түсті жалаушалармен, тәуліктің қараңғы мезгілінде және көру мүмкіндігі жеткіліксіз болғанда: алдыңғы жақта ақ түсті, артқы жақта қызыл түсті фонарьлармен қамтамасыз етіледі. Егер де жол жүріп жатқан немесе жолда тұрған көліктермен, сондай-ақ адамдардың жиналудымен тарылған болса, айдауыл бастығы оны босатуға шара қолдануға не айдауылданушылардың бағытын бұрып, жолдың осы бөлігін айналып өтуге міндетті.

113. Орманды және адырлы жерлер арқылы айдауылдау кезінде айдауыл бастығы (жетекшісі), алдыға жүріп өтуге қыындық туғызатын жол бөліктері туралы баяндайтын шолғыншы жібереді.

114. Өткелдерге келіп жеткенде айдауыл бастығы (жетекшісі) өткелден өткізу құралдарының жағдайын өзі тексеруге міндетті. Паромдарда айдауылданушыларды палубаның ортасына орналастырады, ал күзет артқы және алдыңғы бөліктеріне қойылады. Қайықта айдауылданушылар қозғалысқа қарама-қарсы жаққа беттері қаратылып, қайықтың түбіне, ал айдауылдар - біреуі сезіктілер мен айыпталушылардың арт жағына, келесі қайықтың тұмсығына орналастырылады.

115. Жаяу алып жүру тәртібімен айдауылдау кезінде тәулік бойы жүру мөлшері бағыттың ерекшеліктерімен және климаттық жағдайлармен анықталады және 25-30 километрден аспауы тиіс. -30 градус температурада, су тасқыны, қар

көшкіні кезінде және басқа да қолайсыз жағдайларда айдауыл жақын мандағы елді мекенге тоқтайды және бұдан әрі осы Тәртіптің талаптарына сәйкес әрекет етеді.

116. Ұзақ жол жүру кезінде айдауылдау бағыттарында шағын және үлкен аялдаулар, сондай-ақ тұнеулер ұйымдастырылады.

117. Ұзақтығы 10-15 минуттық шағын аялдаулар әр сағат сайын, ұзақтығы 1,5 -2 сағаттық үлкен аялдаулар тәуліктік жүру мөлшерінің жартысын жүріп өткеннен кейін ұйымдастырылады.

Шағын аялдаулар ашық жерлерде ұйымдастырылады. Аялдауларды орман алаптарында, сайлы-жыралы жерлерде, бұзылған құрылыштарда және басқа да осы сияқты жерлерде жасауға тыйым салынады. Айдауылданушыларды күзету үшін айдауыл бастығы (жетекшісі) сезіктілер мен айыпталушылардан бес метр қашықтықта қадағалау бекеттерін қояды. Тұзге отыру үшін олар айдауыл бастығының (жетекшісінің) және айдауылдың күзетуімен аялдау орнынан 20 метрден ұзамай бір-бірден апарылып әкелінеді.

118. Ұзақ аялдаулар мен тұнеулер айдауылға полицияның участекелік инспекторы, аудандардың, қалалардың және басқа да елді мекендердің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды адамдары қажетті көмек көрсетуі мүмкін елді мекендерде ұйымдастырылады.

119. Қалаларда жаяу айдауылдау кезінде, айдауылдар тапаншалармен, ал елді мекендерден тыс жерлерде - автоматтармен қаруланады.

9. Айдауылданушыларды алмастыру пункттеріне қабылдау және тапсыру тәртібі

120. Айдауыл айдауылданушыларды қабылдау (тапсыру) үшін айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер органы бастығы) бекітken кестеге сәйкес алмастыру пунктіне барады. Тапсыруға жататын адамдар сақтауға тыйым салынған заттарды табу және алып қою мақсатында мұқият тінтуден өткізіледі.

121. Сезіктілер мен айыпталушылар алмастыру пунктіне жоспарлы қарауыл келіп жеткенге дейін жеткізілуі тиіс. Қажет болған жағдайда бөлімше командирі (ішкі істер органы бастығы) айдауылды алмастыру пунктіне жіберуден бұрын, станция (пристаньдар, әуежайлар) әкімшілігі арқылы жоспарлы қарауыл келетін поездың (ұшақтың, тік ұшақтың, теңіз немесе өзен кемесінің) келу кестесіндегі болуы мүмкін өзгерістерді анықтайды.

122. Алмастыру пунктінде айдауыл бастығы айдауылдаудың бағытты жоспары бойынша жүріп тұратын арнайы вагонның (автомобилдің, ұшақтың, тік ұшақтың, кеменің) тоқтайтын орны мен тұру ұзақтығын анықтайды және осыған байланысты сезіктілер мен айыпталушыларды келіп жеткен қарауылға

жеткізудің бұдан кейінгі тәртібін белгілейді. Арнайы автомобилдің тұрағы арнайы вагонның аялдамасына мүмкіндік бойынша 5-10 метр қашықтықтан таңдал алынады. Сезіктілер мен айыпталушыларды аталған көлік аялдайтын жерге уақытынан бұрын жеткізуге поезд қысқа уақытқа аялдайтын темір жол станцияларында ғана рұқсат беріледі.

123. Арнайы автомобилден түсірілгеннен кейін айдауылданушылар бір-бірден сапқа тұрғызылады және айдауылдардың күзетуімен отырғызу жүргізілетін жерге барады. Ерекше қадағалау белгіленген, сондай-ақ басқа барлық сезіктілер мен айыпталушылардан оқшаулауға жататын айдауылданушылар бөлек айдауылданады.

Темір жол станцияларында айдауылдарды алмастыру тәртіп бойынша, жолаушыларды вагонға отырғызатын (түсіретін) жердің қарама-қарсы жағынан жүргізіледі. Айдауылданушыларды күзету екі желіде жүзеге асырылады. Арнайы вагонның жұмыс тамбурындағы айдауыл сезіктілер мен айыпталушыларды отырғызудың (түсірудің) қарама-қарсы жағынан станцияға поездың келуіне дейін алдын ала қойылады.

124. Айдауыл бастығы (жетекшісі) келіп жеткен ішкі әскер қарауылы бастығынан өз қызметтік куәлігін және сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау (тапсыру) құқығын беретін үйғарымды көрсетеді, дәл осындай үйғарымның қарауыл бастығында да бар екеніне көз жеткізіп, оны күзетіліп отырған айдауылданушылар туралы хабардар етеді және оларды алмастыруды бастайды.

Сезіктілер мен айыпталушылар және олардың жеке істері (анықтамалар жапсырылған пакеттермен), жалпы тізім және азық-түлік аттестаттары қолхат арқылы қарауыл бастығына тапсырылады.

Айдауылданушыларды тапсырғаннан кейін, айдауыл бастығы (жетекшісі) қарауылдан сезіктілер мен айыпталушыларды бұдан әрі айдауылдау үшін осы Тәртіптің талаптарына сәйкес қабылдап алады.

Сезікті және айыпталушы олардың реттік нөмірін қабылдауши дауыстап қайталап айтқаннан кейін күзетілуге қабылданған болып есептеледі.

125. Айдауыл бастығы (жетекшісі) алмастыру пунктінде сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдап алғандығы туралы қарауыл бастығының жол журналына қол қояды. Қолхат мастикалық мөртаңбаны қолданумен ресімделеді: қабылдау (тапсыру) датасы, алмастыру пунктінің атауы; айдауыл тағайындаған ішкі істер органы; айдауылдауға қабылданған адамдардың саны (санмен және жазумен); айдауыл бастығының атағы, тегі және жазбаша үйғарымның нөмірі көрсетіледі. Дәл осындай тәртіpte айдауыл бастығының (жетекшісінің) жол журналында жоспарлы қарауыл бастығының тиісті қолхаты ресімделеді.

126. Айдауыл бастығы (жетекшісі) сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау кезінде бас тарту болғанда немесе алмастыру болмай қалған жағдайда жол журналына себептерді және тапсырылмаған (қабылданбаған) адамдар санын көрсете отырып, белгі жасайды. Тапсырылмаған адамдар кері айдауылданады. Бұл жөнінде айдауыл бастығы (жетекшісі) айдауылды тағайындаған айдауыл бөлімшесінің командиріне (ішкі істер органы бастығына) келген бетте баяндайды.

Жоспарлы бағыттар іске қосылғанда немесе поездардың (теңіз немесе өзен кемелерінің, ұшақтардың, тік ұшақтардың) қозғалыс кестесінде өзгерістер болғанда, ішкі әскери бөлімдер штабтары ішкі әскерлердің жоспарлы қарауылдарының бағытты қозғалыс кестесінің көшірмелерін полицияның тиісті айдауыл бөлімшесіне (ішкі істер органы) жібереді.

Полиция айдауыл бөлімшесінің командирі (ішкі істер органы бастығы) ішкі әскердің жоспарлы қарауылдарының бағытты қозғалыс кестесі көшірмелерінің негізінде сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау (тапсыру) үшін айдауылдардың алмастыру пунктіне жүруінің кестесін әзірлейді. Бөлімше командирі (орган бастығы) алмастыру пунктіне айдауылдауға 15 және одан да көп сезіктілер мен айыпталушылар жататын болған жағдайда ішкі әскерлердің айдауылдау бөлімінің командирімен осындағы санды айдауылдау мүмкіндігін алдын ала келіседі.

127. Облыстардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармасы қылмыстар жасауда сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауда күштер мен құралдарды ұнемдеу және оларды сенімді күзетуді қамтамсыз ету мақсатында жөнелтуші органдар мен қабылдаушы органдардың сезіктілер мен айыпталушыларды республика, облыс шегінде айдауылдаудың жоспарлы бағыттары бойынша жібергені туралы өзара хабардар етудің тәртібін белгілейді.

Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторында ұстаудың Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармалары, облыстардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармалары бекіткен мерзімдерін сақтау үшін ішкі әскер бөлімдерінің штабтарымен бірлескен түрде жоспарлы бағыттарға қажетті өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

128. Жаңа алмастыру пункттері облыстардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармаларының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер қолбасшысы Бас басқармасының шешімімен ашылады. Қорытындыда: алмастыру пункттерін ашу қажет орын (станция, пристань, әуежай, ішкі істер органының орналасу пункті); қандай жоспарлы бағытта және қандай ішкі істер органының мүддесінде алмастыру пункті ашылып жатқандығы; полиция айдауылы айдауылданушыларды қабылдау (тапсыру) үшін жіберу көзделіп отырған полиция ішкі істер органы айдауылдау

бөлімшесінің толық атауы, осы бөлімшенің (органның) пошталық мекен-жайы, кезекші бөлім телефонының нөмірі, сондай-ақ оның орналасқан жерінен сезіктілер мен айыпталушыларды алмастыру орнына дейінгі қашықтық километр есебімен көрсетіледі.

Облыстардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармасы алмастыру пунктін жабу қажеттігі туралы жоспарлы қарауыл жасақталатын айдауылдау бөлімінің командирін хабардар етеді.

10. Айыпталушыларды соттарға айдауылдау

129. Қалалық және аудандық соттарға айыпталушыларды айдауылдау Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер бас басқармаларының, облыстардағы, қалалардағы Ішкі істер бас басқармалары - Ішкі істер басқармаларының, және көліктегі Ішкі істер бас басқармалары бастықтарының тиісті нұсқаулары және бұл мекемелерді қызмет көрсетуге қабылдағандары туралы бекітілген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Осындай нұсқаулар болғанда, құрамында полиция (Ішкі істер органды) айдауылдау бөлімшесінің және бұл жөнінде өтініш жазған сот өкілдері бар ведомствоаралық комиссия құрылады.

Комиссия құрамына кіретін полиция қызметкерлері қызмет көрсетудің көлемі мен шартын оқып-үйренуге, айдауылданушылардың қажетті санын, сезіктілер мен айыпталушыларды күзету жүйесін және тергеу изоляторынан (уақытша ұстау изоляторынан) оларды айдауылдаудың негізгі және қосалқы бағыттарын, жергілікті немесе басқа да ішкі істер органдары және соттармен өзара іс-қимылдың тәртібін анықтауға міндettі.

130. Сотты қызмет көрсетуге қабылдау:

1) соттың және полиция (ішкі істер органды) айдауылдау бөлімшесінің атауы, олардың нақты мекен-жайы;

2) сот мәжілісі залдарына, айыпталушыларды күзетуге және ұстауға арналған үй-жайлардың сипаттамасы, оларды қашып кетуге қарсы жабдықтармен, инвентармен (жиһазбен), байланыс және дабыл беру құралдарымен қамтамасыз ету;

3) таспаға түсіру жабдықтарын дайындау, айыпталушыларды ұстау үшін үй-жай бөлу және осы соттың көшпелі сессияларын өткізу орындарына қүзет қою тәртібі;

4) арнайы автомобильдерден айыпталушыларды ұстауға арналған камераларға дейін, сот мәжілісі залдарына және кері айдауылдау бағыттары;

5) сот басшыларымен өзара іс-қимыл тәртібі;

6) сот үй-жайларының жабдықтарындағы кемшіліктер, оларды орнату мерзімдері және осыған жауапты лауазымды адамдар көрсетілетін ведомствоаралық комиссияның актісімен ресімделеді.

Актінің сот төрағасы және бөлімше командирі (ішкі істер органы бастығы) бекіткен бір данасы сотты қызмет көрсетуге қабылдау туралы бұйрық шығатын ішкі істер органына, ал екіншісі - көрсетілген кемшіліктерді қалыпқа келтіруді бақылау үшін тиісті сот органдарына жолданады.

Сотқа қызмет көрсету күзетіletіn үй-жайлардың, сот мәжілісі залдарының және басқа да айыпталушылар күзетіletіn немесе айдауылданатын сот үй-жайларының жабдықтары мен техникалық құралдарының жетіспеушіліктері қалыпқа келтірілмеген кезде Ішкі істер министрлігі, Ішкі істер бас басқармалары, Ішкі істер басқармалары, көліктегі Ішкі істер бас басқармалары және қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастамасы бойынша тоқтатылады. Мұндай шешімді қабылдаудан бұрын нақты мерзімдер көрсетілген, жетіспеушіліктерді қалыпқа келтірудің қажеттілігі туралы жазбаша ескерту сот қарауына енгізіледі.

Осы соттың көшпелі сессиясының орнын оның төрағасы анықтайды. Оларды қызмет көрсетуге қабылдау туралы акті жасалмайды. Қызмет көрсету сот төрағасы бұл жөнінде бөлімше командирін (ішкі істер органы бастығын) хабардар еткеннен кейін тоқтатылады.

Айыпталушыларды тергеу изоляторынан уақытша ұстау изоляторына ауыстыруға сotтың талабы негіз болып табылады.

131. Әрбір қызмет көрсетіletіn сотқа арнап, полиция (ішкі істер органы) айдауылдау бөлімшесі күзет схемасы, бекеттердің табелі және оқиға бола қалған жағдайда жеке құрамның есебі бар күзет жоспарын өзірлейді. Соттың көшпелі сессияларында сотталушыларды күзету жоспарын сессияны өткізу орнына шығудың алдында күзет бастығы (жетекшісі) өзірлейді, күзет жоспарын айдауылдау бөлімшесінің командирі (ішкі істер органының бастығы) бекіtedі. Айыпталушыларды әжетханалары және айдауылданушылар мен айдауылды орналастыруға арналған оқшауланған үй-жайлары, сондай-ақ айдауылдау бөлімшелерімен ішкі істер органының телефон байланысы жоқ үй-жайларға айдауылдауға жол берілмейді.

132. Кейбір жағдайларда, ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы, сондай-ақ үйымдастқан қылмыстық топқа және үйымдарға қатысуышылар жасаған қылмыстар туралы істерді қарау кезінде, сот тұрган жердегі тәртіпсіздіктің немесе айыпталушыларға қастандық жасаудың алдын алу мақсатында, қызмет атқарудың күштейтілген нұсқасын, оның ішінде сот төрағасымен (сот мәжілісінде төрағалық етушілермен) келісе отырып, сот мәжілісі залында отырған адамдар арасына штаттық киімдегі полиция қызметкерлерін орналастыру алдын ала ескерілген арнайы жоспар әзірленеді.

Тергеу изоляторы әкімшілігінің келісімі бойынша осы процестер сезіктілер мен айыпталушыларды ұсташа орны бойынша жеке үй-жайларда өткізу мүмкін.

133. Айыпталушыларды тергеу изоляторынан немесе уақытша ұсташа изоляторынан сотқа және кері айдан алғыш жүру бағыттары көлік және азаматтар қозғалысы мейлінше аз көшө бойынша белгіленеді.

134. Айдауыл полиция айдауылдау бөлімшесінен (ішкі істер органдары) айдауылданушыларды тергеу изоляторынан (уақытша ұсташа изоляторынан) қабылдап алғыш, оларды белгіленген орынға сот мәжілісінің басталуына дейін 30 минуттан кешіктірмей жеткізу есебімен шығуы тиіс.

Сотқа келген соң айдауыл бастығы (жетекшісі) айыпталушыларды жеткізгені туралы сот мәжілісінде төрағалық етушіге хабарлауға, оларды ұсташа арналған камералардың жағдайын тексеруге, сот мәжілісі залын (залдарын), дәліздерді және баспалдақты торларды қарап шығуға міндettі.

Егер де іс бір уақытта бірнеше залдарда тыңдалатын болса, қызметтің жүру тәртібі туралы естіп біліп отыратын аға айдауыл тағайындалады. Сот мәжіліс залында бір айыпталушыны күзету үшін екеуден кем емес күзетші бөлінеді, қажет болғанда сол мезгілде айыпталушыларды ұсташа арналған камералардың жанына күзет (кузет орындары) қойылады.

Айыпталушыларға арналған камералар әртүрлі санаттағы сезіктілер мен айыпталушыларды бөлек ұсташа талаптарына сай болуы, еденге бекітілген орындықтармен, металл терезе торларымен, ауа тазартқышпен, жарықпен, құлыпталатын есіктерімен және есіктердегі қарау тесіктерімен ("көздерімен") жабдықталуы тиіс. Жарық көздері мен желдеткіш тесіктер металл сеткамен немесе тормен қоршалады, оларды қосқыш тетіктер камералардың сыртына орнатылады. Сот мәжілісінде төрағалық етушіге айыпталушыларды жеткізгені туралы баяндалған сәттен бастап, оларды бұдан әрі күзетуге байланысты оның барлық нұсқаулары күзет бастығы (жетекшісі) үшін міндettі болып табылады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау Тәртібіне 1 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

Айдауыл бастығына берілетін қызметтік құжаттардың ТІЗБЕСІ

1. Ішкі істер органдарында әзірленетін құжаттар

1.1. Қала, аудан ішінде айдауылдау кезінде:

- Сезіктілер мен айыпталушылардың тізімі;
- Әрбір сезікті мен айыпталушының пакетке салынып, мөрмен бекіткен жеке істері мен құжаттары.

Ескертпе: Сотқа айдауылдау кезінде сезіктілер мен айыпталушылардың тізімі ғана жазылады.

1.2. Қаладан, ауданнан тыс жерлерге айдауылдау кезінде:

- Сезіктілер мен айыпталушылардың тізімі 3 данада;
- Әрбір айыпкер мен күдіктілердің пакетке салынып, мөрмен бекіткен жеке істер мен олардың құжаттары, пакеттерге әр айыпталушының жеке ісі бойынша тіркелген анықтамалары;
- Айдауыл бастығына сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдауға (өткізуге) құқық беретін ұйғарым (айдауылдың жеке құрамының тізімімен бірге);
- Жол жүру құжаттары;
- Бағыттық парап;
- Жол жүру журналы;
- Азық-түлік аттестаты;
- Азық-түлік дәптері.

Ескертпе:

А) Айдауылмен бірге қылмыстық істерді, заттай айғақтарды, сезіктілер мен айыпталушылардың ақшасын, құнды заттарын бірге жіберуге рұқсат етілмейді.

2. Тергеу изоляторлары және түрмелердің әкімшілігі дайындастын құжаттар

1. Қала, аудан ішінде айдауылдау кезінде:

- Қамаудағы адамдардың тізімі.

2. Қаладан, ауданнан тыс жерлерге айдауылдау кезінде:

- Қамаудағы адамдардың тізімі 3 данада;

әрбір қамаудағы адамның пакетке салынып, мөрмен бекіткен жеке істері, пакеттерге

жеке істері бойынша анықтамалары тіркелген;

- Қамаудағы адамдарға азық-түлік аттестаты;

Айдауыл бастығына қамауда ұсталатындарды қабылдауға (өткізуге) құқық беретін

ұйғарым (айдауылдың жеке құрамының тізімімен бірге).

Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау Тәртібіне 2 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

АЙДАУЫЛДЫҢ ЖОЛ ЖҮРУ ЖУРНАЛЫ

— (ішкі істер органының атауы)

— (айдауыл бөлімшесінің атауы)

Ескертпе: Жол жүру журналы - парактары нөмірленген, жіппен тігілген, мөрмен бекітілген дәптер.

Сезіктілер мен айыпталушыларды
айдауылдау Тәртібіне 3 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

АЗЫҚ-ТҮЛІК ДӘПТЕРІ

Айдауыл _____

(ішкі істер органының, айдауыл бөлімшесінің атауы)

Күні Сезіктілер мен Азық-тұлік өнімдерінің Азық-
айыпталушылардың атаулары (саны, салмағы) түлікті
аты-жөні алғаны

туралы

қолы

Барлығы:

Айдауыл бастығы (басшысы) _____
(атағы, қолы)

**Ескертпе: Азық-тұлік дәптері нөмірленіп, жіппен тігіліп, мөрмен бекітілуі
тиіс.**

Сезіктілер мен айыпталушыларды
айдауылдау Тәртібіне 4 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

Тергеу изоляторы, уақытша ұстau изоляторы немесе

ішкі істер органдарының бұрыштамасы

Командиріне

(айдауыл бөлімшесінің атауы)

Бастығына

(ішкі істер органының атауы)

200 ж. "___" ___ "___" сағатта аталған адамдарды

айдауылдау үшін _____ мекен-жайы

бойынша

(сот мекемесінің, тергеу әрекетін жүргізу орнының атауы)

айдауылдар жіберуінізді сұраймын.

Айдауылдауға жататын адамдар _____ иелігіне түседі.

(тегі, лауазымы көрсетіледі)

Сот процесінің (тергеу жұмысының) жүргізуі басталуы "___"

сағат "___" мин

Бастығы _____

(Тергеу изоляторы уақытша ұстau изоляторы, ішкі істер органы)

4 қосымшаның келесі беті

Н Аты- Туған Айыпталушы Тергеу Ішкі оқшаулау Қандай Айдалушылар р/ жөні жылды қандай бап изолятор. бойынша әр айдауыл тәртібіне

с бойынша ларының түрлі санат. талап қатысты

(КР Қыл. ұстau тағы айдалу. етеді басқа да

мыстық орны шылардың (кәдімгі жазбаша

Кодексі . (атауы) талаптары немесе өкім

нің (кіммен күшей.

баптары немесе қал. тілген)

айыпталады) ған барлық

айдалушылар.

дан екенін

нақты

көрсету)

1 2 3 4 5 6 7 8

таблицаның жалғасы

Айдалушы. Тергеу изоляторы
ларға бастығының көмекші
тінту кезекшісінің
жүргізген немесе уақытша
адамның ұстau изоляторы
аты-жөні кезекшісінің
айдауылдан
айдалушыларды
қабылдау немесе
камаудан босату
туралы қолхаты,
қосымша мөрімен

9 10

*Бастығы (тергеу изоляторы, уақытша ұстau изоляторы,
ішкі істер органы) _____
(атағы, аты-жөні, қолы)*

Сезіктілер мен айыпталушыларды
айдауылдау Тәртібіне 5 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

Полицияның айдауыл бөлімшелері,
ішкі істер органының бұрыштамасы

Кімге _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

ЖАЗБАША ӨКІМ

Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау және қабылдау (тапсыру)
үшін _____

(соттың, тергеу изоляторының, уақытша ұстау

изоляторының, алмастыру пункттерінің, станциялардың және т.б. атауы)

осы жазбаша өкімді беруші _____

(полицияның айдауылдау бөлімшесінің, ішкі

айдауыл бастығы болып тағайындалды.

істер органының атауы)

Жазбаша өкім

Мер "___" ____ 200_ жылынан

орны бастап жарамды

Айдауыл бөлімшесінің бастығы (ішкі істер

органы бастығы) _____

(атағы, тегі)

Ескертпе: Жазбаша өкімнің келесі бетінде айдауылдың құрамы көрсетіледі.

5 қосымшаның келесі беті

АЙДАУЫЛ ҚҰРАМЫНЫҢ ТІЗІМІ

Н Тегі, аты-жөні Атағы, қызметі Қарудың түрі

р/с және нөмірі

Айдауыл бөлімшесінің командирі _____

(ішкі істер органы бастығы) (атағы, тегі)

Сезіктілер мен айыпталушыларды
айдауылдау Тәртібіне 6 қосымша

(анықтама құрастыратын ішкі істер органдарының аталуы)

"___" ____ 200_ ж

(толтырган тізімі)

жол жүру (әшелондық) тізімі бойынша _____

іс бойынша анықтама N _____

1. Қамауда ұсталынған адамның тегі, аты-жөні (егер бірнеше аты-жөні болса, онда барлығын атау керек) _____

2. Тұған жылы мен жері (мәліметтердің толық көрсету) _____

3. Қамауга алынғанға дейінгі тұрақты орны (толық мекен-жайын көрсету) _____

4. Қайда және кімнің қарамағына жіберіледі (қала, тергеу изоляторының, уақытша ұстасу изоляторының, Әділет министрлігі түзету мекемесінің) _____

5. Қарауыл немесе айдауыл қай жерде тапсырылуы (станция, әуежай, пристан атаулары), қандай тапсыру пункттері арқылы жіберіледі (тергеу изоляторы, уақытша ұстасу изоляторы, Әділет министрлігі түзету мекемесінің) _____

6. Айдауылдау негізі (наряд, бұйрық, сот немесе тергеу органының қаулысы, нөмірі, күні) _____

7. Санаты (сотталғандардың, режим түрінің, айыпталушымен т.б. және бір уақытта: аса қауіпті қылмыскер, _____

Жазалаудың ең қатаң түрімен сотталған шетел азаматы, кәмелеттік жасқа толмағаны және т.б. көрсетілуі керек _____

8. Қай сот органымен сотталған (қашан Қылмыстық кодекстің қандай бабы бойынша, қанша мерзімге немесе қандай бап бойынша айыпталады) _____

9. Күшейтілген қүзет керек пе, неге _____

10. Дәрігердің:

- а) денсаулық (дені сау, туберкулезben, жұқпалы аурумен немесе тері-венерологиялық аурулармен ауырады, ақыл-есі ауысқан, мүгедек, алыш жүрушісіз жолда жүре алатыны) туралы _____
- б) санитарлық өндөуден өтуі туралы (күні) _____
- в) қамауда ұсташа органдарының, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларды орындастын мекеменің эпидемиологиялық жағдайы туралы) анықтамасы _____

— *Дәрігер* _____

(тегі, қолы)

Фотосурет

орны

Бастық _____

(тегі, қолы)

Ескертпе: Анықтама тек сия қаламмен, сөздері қысқартылмай және анық түрде толтырылуы керек.

Барлық сұрақтар толық жазылуы керек.

Пакет ашылған жағдайда анықтама жеке іске тіркеледі.

Аса қауіпті және қашуға бейім қылмыскерлердің анықтамасында қашуға бейім деген жазу болуы керек.

Сезіктілер мен айыпталушыларды
айдауылдау Тәртібіне 7 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2002 жылғы 1 маусымдағы
N 387 бұйрығымен бекітілген

АЗЫҚ-ТҮЛІК АТТЕСТАТЫ

берілген

(аттестат берген ішкі істер органдары мен мекемесінің атауы)

оның ішінде _____

(адам саны санмен және жазбаша түрде көрсетіледі)

азық-түлікпен "_____" тәулікке _____ дейін

(күні, айы, жылы)

тәулікке _____ нағман барлығы _____ кг. _____ г.

(жазбаша) (санмен)

тәулікке _____ консервалармен барлығы _____ кг. _____ г.

(жазбаша) (санмен)

тәулікке _____ қантпен барлығы _____ кг. _____ г.

(жазбаша) (санмен)

Бастығы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, атағы, қолы)

Қаржы қызметінің бастығы_____

(тегі, аты, әкесінің аты, атағы, қолы)

мөр орны "___" ____ 200_ ж

Азық-түлікті жіберген _____

(қолы)

Азық-түлікті алған _____

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК